



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың  
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Бұқара  
бұйымтайы  
ескеріледі

2-бет



«Ұлттық  
Құрылтай –  
ұсыныс алаңы»

3-бет



Қарашаңырақтағы  
қос қуаныш

8-бет



• БӘРЕКЕЛДІ!

## Вашингтонда Бөкетов күні

АҚШ-тың беделді Джордж Вашингтон университетінде академик Евней Бөкетовтің 100 жылдығы аталып өтті.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Университетте өткен «Біртуар тұлға Бөкетов» ғылыми-танымдық семинарына Бизнес мектеп басшылығы мен профессорлары, Қазақстанның АҚШ-тағы Елшілігі өкілдері, Қазақ-американ қауымдастығының төрағасы мен өкілдері, АҚШ-тағы қазақ зиялы қауымы және академик Бөкетовтің шәкірттері қатысты. Сондай-ақ, шараға Вашингтон және Лос-Анджелестегі «Болашақ» халықаралық бағдарламасының стипендиат-ғалымдары, Вашингтон қаласында бизнес саласында еңбек етіп жүрген қазақстандықтар да қатысты.

Семинардың ашылу салтанатында Джордж Вашингтон университеті Бизнес мектебінің деканы, доктор Ванесса Перри сөз алып, академиктің ғылыми мұрасына тоқталып, бүгінгі күннің қаһарманы туралы мағлұматтарды менгергендігімен тәнтгі етті.

Ауызшар ұйымдастырылып, онда Karaganda Buketov University брендтік өнімдері мен академик туралы Medeu Сарсененің екі еңбегі белсенді қатысушыларға табысталды.

## Білімнің бәсі бәрінен биік

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Білімге салынған қаражат – мемлекет үшін ең басты инвестиция болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Түптеп келгенде, дамудың бірден-бір жолы – білім саласы. Сондықтан, бұдан ешкім ұтылмайтыны сөзсіз. Үкімет пен әкімдер жұртшылықпен бірлесіп, жобаны жетілдіруге тиіс. Оны сапалы әрі тиімді жасау қажет. Нақты ғылымдар мен инженерия саласы бойынша қосымша білім беруге айрықша назар аудару керек. Балаларды дене шынықтыру және академиялық тұрғыдан бірдей дамыту қажет. Ауылдық жерде тұратын балаларға баса мән берген жөн. Барлық аймақтағы балалардың қосымша білім алуына мүмкіндігі болуға тиіс», – деген болатын.

Президент тапсырмасы аясында соңғы 6 жылда мұғалімдердің жалақысы артты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту – әлемдік тенденция қатарына енді. Бүгінгі таңда қалада мектепке дейінгі мекемелердің тапшылығы азайып келеді. Үш ауысымды әрі апаттық мектептер мәселесі жойылды.



### Мектепке дейінгі білім – қолжетімді

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде соңғы алты жылмен бағамдасак, көптеген жұмыстар

атқарылды. Қазір аймақтағы мектепке дейінгі ұйымдарда 39 мыңнан астам бала тәрбиеленуде. Барлығы – 411 болса, оның ішінде, 101 жекеменшік. Өткен жылы

екі мыңнан астам жаңа орын ашылды. Былға жоспарланған Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Бұқар жырау ауданында 1206 орындық



балабақшалардың ашылуы – мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын құру, балалары бар отбасын қолдау, сондай-ақ, салық түсімдерін ұлғайтуға ықпал етеді.

– Бұрынғы емхана ғимаратын қайта жаңғырту арқылы Бұқар жырау ауданы, Новоузенка ауылында 140 орындық жеке балабақша салу және Балқашта 280 орындық мемлекеттік балабақша мәселелері шешілуіне жақын. Приозерск қаласында да 320 орындық балабақша, Пришахтинск қаласында 320 орындық типтік мемлекеттік балабақша салу мәселесі қойылды, – деді білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Балқашта бұрынғы №2 емхана ғимараты қайта қалпына келтіріліп, орнына 240 орындық балабақша ашылады. Бұл балабақшаға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бюджеттен 207 млн теңге бөлінген. Қайта жаңартудан өтетін балабақша жұмысы қажетті нормалар мен стандарттарға сәйкес болады. Балабақшада спорт және акт залдары, медициналық блок, балалар ойын алаңдары болады.

► 6-бет

• МЕРЕЙ

## «Ұзан» кітабын оқығанда...

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,  
ҚР Ғылым Академиясының академигі

«Ұзанды» зор ықыласпен оқып шықтым. Поэзия аттың жалы, түйенің қомында оқуды көтермейтін Сіз менен әлдеқайда жақсы білесіз.

Әуелі кітаптың есімінде бастайын. Қазаққа кісі есімінде жиі ұшырасатын осы сөздің түпкі мағынасы «ақын-жыраумен» байланысы барын бұрыннан білсем де кезінде академиялық «Древнетюркский словарьдан» таба алмаған соң семантикасына күмәнмен қараушы едім. «Қыпшақ-түркілердің ескіден қалған осы бір сөзін кітабыңыздың төріне шығарып, қазаққа біржолата байладыңыз. Бұл ұлттың жоғын сөзден түгендеген халыққа үлкен олжа деп білемін.

Сізді алғаш рет таланттың тауды бұзып, тасты жарып жүрген жетпісінші жылдарда көргем. Бізбен күртас ақындардың бірімен Қазі У-дің бас корпусындағы аудиториялардың бірінде «бұрқыратып» жыр төккеніңіз есімде қалыпты. Елде жүрген ақын болған соң есіміңіз Есенғали досыңыздай екпіндеп тұрмаса да, сөз қадірін білетін Алаш жұртына түгел жеткені анық. Бірақ бүгінгі әңгімені аргы-бергіні түгендемей-ақ «Ұзанмен» шектегенді жөн көрдім.

Келісті, кесек жинақ болып шығыпты. Біріншіден, жырларыңыздан көк түріктер сарынынан бастау алып, арыда – Ақтамберді, Қазтуған, беріде Мағжан, Қасым болып жалғасқан қазақтың арынды, айбынды, алмас қылыштай өткір, айбаттадай жаркылдаған поэзиясын көрдім. Бұл – қазақ поэзиясында ежелден бар құбылыс. Сіз оған өзгеше ренк, ерекше қуат, отаншыл рух беріп, жаңа биікке көтеріңіз.

Екінші байқағаным: орыс поэзиясының Пушкиннен Вознесенскийге дейінгі айдындарында құлаштап жүзеді екенсіз. Бұл – үлкен поэтикалық мәдениеттің белгісі. Заманына қарай жиі құбылған Евтушенконы қайдам, А.Вознесенский – үлкен талант иесі. Оның «Песня акына» (Сіздің іздеген жырыңызбен үндес) атты өлеңіне В.Высоцкий әуен жазған. Сізге аударуға тұратын дүние.

Үшінші ерекшелігіңіз: ағылшын, француз, жалпы батыс поэзиясын еркін меңгеріңіз. Мұқағали поэзиясын зерттеушілер оның ағылшын тілін жетік біліп, осы тілде өлең жазған ақындарды түпнұсқадан оқығандығына назар аудармайды. Мұқағали феноменінің бір құпиясы осында. Уильям Хенли – Күлтегін жырымен сарындас бір ғана дерлік өлеңімен ағылшын поэзиясының тарихында қалған тұлға. Сіздің аудармадан

«Непокоренный» сұлбасын көрдім. Шығыстың нәзірашыл дәстүріне сай еркін аударысыз. Шындығында үнііз «қырандай саңқылдап», жырдыңыз «алмастай жаркылдап» тұр. Сізге қалтарыс, құпиясы мол тағы бір Уильямды (Блейк) оқуды, тіпті, реті келсе аударуды ұсынамын.

«Құран» нұрынан туған жырлар іңкарлігімен, ынта, ықыластың шынайлығымен баурады. Көп оқып, көп ізденіп, тақырыпқа генетикалық түйсікпен келгеніңіз көрініп-ақ тұр. Қысқа, нұсқа жазысыз. Мұндай киелі тақырыпқа адал ниетімен келгенді Ұлы Жаратушының өзі алқап отырады деген ұғым бар. Сіз де солай болғанға ұқсайды. «Құран» циклы алдағы уақытта жалғасын табады деп сенемін. Ондай жағдайда «Құранның» аудармаларын ғана емес, тәфсірлерін де оқуға, әсіресе түрлі мазхабтағы ғұламалардың түсіндірмелерін салыстыра зерделеуге кеңес берер едім. Кезінде Мәскеуден МГУ-дің орыс филологиясын тәмамдаған Египеттен шыққан екі білімпаздың құрастыруымен 4-томдық «Значение и смысл Корана» атты іргелі еңбек жарық көрген. Мүмкіндігіңіз болса, соларды оқыңыз. Ол Сізге қасиетті кітаптың хикметтеріне тереңірек бойлауға септігін тигізіп, көп дүниеге көзіңізді ашады. Бұл туралы кейін кеңірек отырып сұхбаттасудың да реті келер.



Кітаптың өн бойынан төрт кейіпкер көрдім. Өрине, әуелгісі – сүйсе жан-жүрегімен жалын-дап, лапылдап сүйетін, күйсе өзегі бірге өртеніп, жалын бүркіп, от шашып күйетін ұзан. Өзіңіз жақсы көретін М.Мағауиннің фантазмагориялық «Қыпшақ аруынан» ұзаныңыз маған ерекше ұнады.

Анаңыз Халифа апамызға арналған жыр тізбегі де жүрегімді елжіретті. Тіпті, 85-тегі анама телефон шалып, дауысын естігеніме мәз-мәйрам болып, құдайдан амандығын тіледім. Ақын жыры арусыз болушы ма еді. Нұрынан гөрі мұны басында Баян сұлу бастаған арулар галереясы да Мона Лизадай

бар құпиясын ішіне бүккен сырлы кейіпте сомданыпты. «Ұзанның» бас кейіпкері де, бас стихиясы да – поэзия. Кейде төрт кейіпкер бір-бірімен астасып, алмасып, бір күйден екінші күйге ауысып та кетеді екен (анаңыз қатарлас Ю.Мориц бірде ақын, бірде ару, бірде періште түрінде қылаң беретіні сияқты).

Жинақтың менің көзіме түскен ұсақ-түйек селкеуліктері ретінде «пауэрді» өлеңге қосу немесе «таваннан, заманнан» деген Сіздей үлкен ақынға жараспайтын жеңіл ұйқастарды айтар едім. Ана туралы жүрек тебіренерлік жыр циклын тудырған ақын «шешемнің жатырына» деген анайылау тіркестің орнына «құрсағына» десе қалай жарасып тұрар еді. Мұндай «аттегенайлар» тарпаң мінезді жинақтың тұтас келбетіне көлеңке түсіре алмаса керек.

«Ұзан» хас суреткер ғана байқай алатын нәзік сезімге, нағыз ақын ғана айта алатын азат ойға құрылған, талайдан бері шынайы поэзияға шөліркеген оқырманның құмарын басып, сарайын ашатын шымыр жинақ болып шығыпты, Қарқаралының қатпар тастарын жарып шыққан тұманың тұнық суынан қанып ішкендей болдым. Ерекше қуанғаным – Сарыарқаның салқын белінде саяқ жүрсеніз де өзін ұлы бәйгеге жаратып жүрген сәйгілүктей бабында екенсіз.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІГАЛЫМ

# Бұқара бұйымтайы ескеріледі

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев АМАНАТ партиясының облыстық филиалында азаматтарды жеке қабылдады. Бұл бағыттағы кездесулер мұнда тоқсан сайын өткізіліп, тұрғындар өмір басысымен тікелей ашық әңгімелесуге мүмкіндік алады.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСТЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



Биылғы алғашқы кездесуде бірқатар тақырып қозғалды. Атап айтсақ, әңгіме тұрғын үй, зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандарды шипажай-курорттық емдеу, медициналық көмек сынды мәселелер төңірегінде өрбиді. Сонымен қатар, бизнес өкілдері облыс әкіміне сұрақтарын қойып, түйткілді проблемаларын ортаға салды.

Аталған кездесуге келген

тұрғындардың бірі, сирек кездесетін аурумен ауыратын баланың анасы өмірлік қажеттілігі бар дәрі-дәрмек сатып алуды тездетуді сұрады. Ермағанбет Қабдулаулы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысына бірден тапсырма берді.

Бұдан өзге де бірқатар мәселе талқыланып, азаматтар кейбір сұрақтарына қолма-қол жауап алды.

Ал, егжей-тегжейлі қарастыруды талап ететін өтініштер бақылауға алынғанын атап өткен жөн.

Жалпы алғанда, алдағы уақытта көтерілген мәселелерді шешу үшін қолданыстағы заңнама шеңберінде көмектің ықтимал нұсқалары қарастырылатыны айтылды.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

## Баспана – басты мәселе

Балқаш қаласында баспана мәселесін шешудің бір жолы ретінде үй саламын дегендерді жеке тұрғын үй құрылысын жүргізетін жер телімдерімен қамтамасыз ету қарастырылып отыр. Шағын шаһарда да атқарылып жатқан ілкімді істер аз емес. Оның көпшілігі көңілге қонады, халықтың да қуанышын еселеп отыр.



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Нүрлос ҚӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

2024 жылы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ қаражаты есебінен 1 381 410 мың теңгеге халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жеке инвестиция есебінен салынған 90 жадмалы пәтер сатып алынған. Бұл туралы қалалық тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің сектор меңгерушісі Болат Асылбеков баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

– Биылдың ақпан-наурыз айларында шамамен 135 адам жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Атап айтсақ, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасылар, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, 1 және 2 топтағы мүгедектер, толық емес отбасылар мен жасы бойынша зейнеткерлер санатындағы балқаштық

азаматтар бар, – дейді Болат Асылбеков.

Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстары биыл да жалғасады деп сендіруге мамандар. Баспасөз брифингі барысында баспасөз өкілдерінен «Тұрғын үйлерді коммуналдық тұрғын үй қорынан қалай жекешелендіруге болады?» деген сауал да туындады. Сектор меңгерушісінің түсіндіруінше, бұл ретте, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 8-тармағына сәйкес Ұлы Отан соғысының ардагерлері, 1 және 2 топтағы мүгедектер, Чернобыль атом электр станциясының зардаптарын жоюға қатысушылар, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың құрбандары, Арал өңіріндегі экологиялық зияластан зардап шеккендер, бұрынғы КСРО-ның қорғау кезінде, оның ішінде Ауғанстанда әскери борышын өтеу кезінде мүгедек деп танылған әске-

ри қызметшілер, 20 жыл еңбек өтілі бар әскери қызметшілер, азаматтық қорғаныс, ішкі істер органдарының қызметкерлері, әскери қызметшінің, азаматтық қорғаныс қызметі немесе ішкі істер органы қызметкерінің қызығушылығымен баспасөз өкілдерінен «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 8-тармағына сәйкес Ұлы Отан соғысының ардагерлері, 1 және 2 топтағы мүгедектер, Чернобыль атом электр станциясының зардаптарын жоюға қатысушылар, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың құрбандары, Арал өңіріндегі экологиялық зияластан зардап шеккендер, бұрынғы КСРО-ның қорғау кезінде, оның ішінде Ауғанстанда әскери борышын өтеу кезінде мүгедек деп танылған әске-

ри қызметшілер, 20 жыл еңбек өтілі бар әскери қызметшілер, азаматтық қорғаныс, ішкі істер органдарының қызметкерлері, әскери қызметшінің, азаматтық қорғаныс қызметі немесе ішкі істер органы қызметкерінің қызығушылығымен баспасөз өкілдерінен «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 8-тармағына сәйкес Ұлы Отан соғысының ардагерлері, 1 және 2 топтағы мүгедектер, Чернобыль атом электр станциясының зардаптарын жоюға қатысушылар, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың құрбандары, Арал өңіріндегі экологиялық зияластан зардап шеккендер, бұрынғы КСРО-ның қорғау кезінде, оның ішінде Ауғанстанда әскери борышын өтеу кезінде мүгедек деп танылған әске-

БАЛҚАШ

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

## Экология мен экономиканың теңгерімі

Халықтың экологиялық сауаттылығын арттырып, қоғамның табиғатты қорғауға деген көзқарасын өзгерту мақсатында қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясының әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге жол ашатыны анық. Акция еліміздің әрбір тұрғынын табиғатқа қамқор болуға, қалдықтарды қайта өңдеуге және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға шақырады. Маңызды акция аясында атқарылатын жұмыстар, әлбетте, басты назарда болуы қалыпты құбылыс. Осы мақсатта облыстық мәслихат депутаттары кезектен тыс XXV сессия барысында облыс бойынша «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекітті.

Салтанат ШИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжановтың төрағалығымен өткен сессия барысында облыстың табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы басшысы Бахтияр Санбаев халық қалаулыларының алдында үш түрлі бағыттан тұратын

кезең-кезеңімен кеңейте отырып, атмосфералық ауаның жай-күйін мониторингтеу жөніндегі автоматтандырылған посттар саны да ұлғайтылады. Ал, республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарының сумен жабдықтау және су бұру жүйелері цифрландырылады және автоматтандырылады.

– Тұжырымдаманың бірінші

деген сұраныс күннен-күнге артуы. Осы тұрғыда велосипед көлігі мен электромобильдер экологиялық тұрғыдан тиімді әрі пайдалы шешімдер болып табылады. Оларға арналған электр зарядтау станцияларының жұмыс істеуі үшін инфрақұрылым құру да тұжырымдамаға енгізілген. Ал, адамдар көп жиналатын орындарда экобокстар, фандоматтар ор-



тұжырымдаманы ұсынды.

– Өзірленген тұжырымдама үш бағыттан тұрады. Біріншісіне экологиялық ойлау және мінез-құлық, оның ішінде экологиялық жауапты мінез-құлықты ынталандыру және ынталандыру шаралары кіреді. Ал, екіншісі – экологиялық білім беру. Үшінші, соңғы бағыт – экологиялық білім беру және ақпараттық білім беру және ақпараттық дені қалаларда, елді мекендерде, кәсіпорындар мен ұйымдардың аумақтарында жасыл желектер отырғызу және күтіп ұстауға негізделген, – дейді Бахтияр Санбаев.

Бахтияр Санбаев айтқан тұжырымдаманы жүзеге асыру барысында экологиялық құқық бұзушылықтарды тіркеуге арналған камералар саны ұлғаяды. Олар тек облыс орталығында ғана емес, қалалар мен аудандарда да қолға алынаынын айту керек. Одан бөлек, халық үшін қолжетімді деректерді

бағытында атқарылатын шаралар ауқымды. Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу бойынша инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, жасыл желектерге түгендеу жүргізу, сондай-ақ, қалалар мен ірі елді мекендерде суару және суару жүйелерін, су үнемдеу технологияларын енгізу де жоспарда бар, – дейді Бахтияр Санбаев.

Тұжырымдамадағы тағы бір жағымды жаңалық – көшет отырғызу бұдан былай жергілікті климаттық жағдайларды ескере отырып жүргізіледі. Ол үшін арнайы орман питомниктері құрылады. Әлбетте, атқарылған жұмыс нәтижесін көрсету де маңызды. Бұл мақсатта түрлі хэштегтермен әлеуметтік медиа экотрендтерін іске қосу блогерлер тартылады.

Кейінгі жылдары көлік құралдарының қоршаған ортаға тигізетін әсері үлкен алаңдаушылық тудырады. Көліктердің ауаға шығаратын зиянды қалдықтары мен көмірқышқыл газын азайту үшін, экологиялық таза көлік түрлеріне

натылады. Бұл ретте тапсырылған қайталама шикізат көлемі үшін ақшалай бонус та қарастырылады. Одан бөлек, түрлі конкурстар да ұйымдастырылады.

Екінші экологиялық білім беру бағыты бойынша аты айтып тұрғандай, облыстың білім беру мекемелерінде түрлі шаралар өткізіледі. Олардың қатарында мектеп оқушылары арасында экология тақырыбына эссе жазу, экологиялық тәрбие беру, түрлі байқаулар өткізу бар.

– Үшінші экологиялық білім беру және ақпараттық қолдау бағыты бойынша экологиялық фестиваль, челленджер өтеді. Мәселен, облыс мектептерінің түлектері арасында «Түлек ағашы» челленджі, «ЭкоFEST» облыстық экологиялық фестивалі, «Туған жерге – қамқорлықпен!» жобалары өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда рөл үлкен болады деген сенімдеміз, – дейді Бахтияр Санбаев.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

## Өнертапқыш өрендер шеруі

Президент автоматтандыру және жасанды интеллектінің одан әрі дамуы жаһандағы еңбек нарығын түбегейлі өзгертетінін айтты. Адам еңбегі трансформацияға ұшырап, мүлдем жаңа кәсіби дағдыларға сұраныс пайда болады. Сондықтан, жас өрендерді озық IT-инфрақұрылымы бар дағдыларға мектептен баулу қажет.

Қарағанды техникалық шығармашылық, инновация және инженерлік жаңалық орталығына айналғанын биыл тағы бір дәлелдеді. Арқанда өткен халықаралық робототехника фестивалі IT-ге қызығушылық танытқан 4-тен 18 жасқа дейінгі өрендердің басын қосты.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл фестивальге Қазақстанның түрлі облыстарынан, сондай-ақ, Болгария, Иран, Ресей, Әзірбайжан, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген командалар жиналды. Фестивальде Daqyn First Championship республикалық робот техникасы фестивалінде топ жарып, Орталық Азия чемпионатында кеншілер өлкесінің намысын қорғаған Қарағандыдағы «Мұрагер» мамандандырылған мектебі оқушылары робототехникаға бағытталған үздік жобаларын таныстырды. Фестивальге қатысушы өрендерді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей құттықтады.

– Роболанд фестивалі небәрі 10 жылдың ішінде 30 команда, 70 адам

қатысқан кішігірім сайыстан бүгінгі таңда халықаралық деңгейге жетті. Фестивальдің шығармашылық идеялар жарыққа шығатын үлкен алаңға айналғаны – Қарағанды өңірі үшін үлкен мәртебе. Сіздердің араларыңызда еліміздің цифрлық әлеуетін арттыратын білікті жастар бар екеніне сенімдімін. Бүгінгі сайыстар жаңа білім алып, ерекше пікір алмасуларға жетелейтін жақсы орта құруға зор мүмкіндік береді, – деді Әлібек Әлденей.

Биыл қатысушыларды 23 санат бойынша қызықты жарыстар күтіп тұрды. Соның ішінде, «Кегельринг», «Лабиринт», «Квадроконтрлерді маневрлеу», «Шығармашылық санат» секілді танымал бағыттар бар. Жарысқа 362 командадан 750-ден астам жасөспірім қа-



тысты.

– «Робототехника оқытушы жаңа жолдарын пайдаланудың маңыздылығы» тақырыбында баяндама жасадым. Жалпы, Иранда робототехника жақсы жолға қойылған. Бұл біздің елдегі Тегеран университетімен тығыз байланысты. Мектептерімізде робототехника пән ретінде оқылатындықтан үздік оқушыларымыз Малайзия, Қытай елдерінде өтетін жарыстарға жиі қатысады.

Биылғы Қарағанды фестиваліне «Шығармашылық санат» бойынша қауіпсіздік жобасын ұсынатын 9 қатысушы келді. Өртүрлі робот түрлерін пайдаланып, өрттің алдын алуға бағытталған жобалар ұсынамыз, – деді Иран ұлттық командасының жетекшісі Надер Нобахт.

Фестиваль аясында дәстүрлі «Қарағандылық кездесулері» өтті. Биылғы пікірталастар «Білім беруді цифрлық трансформациялау: трендтер мен перспективалар»

тақырыбына бағытталды. Онда жетекші сарапшылар оқу жүйесіне цифрлық технологияларды енгізуді талқылап, STEM-білім беруді дамыту бойынша тәжірибе алмасты.

Фестивальді ұйымдастырушылар – «Kazdidac» қауымдастығы. Бас демеуші – «Базистік дүкен» ЖШС және ресми демеушілер – DIGIS AV және Регион 715 компаниялары екенін айта кеткен жөн.

Биыл RoboLand 2025 финалисі



атану үшін 2000-нан астам бала іріктеу жарыстарына қатысып, 400-ден астам команда бақтарын сынады. Іріктеу сайысынан өткен үздіктер екі күн бойы өтетін финалдық сайыста білім мен біліктіліктерін сыңға салады.



Суреттерді түсірген Жаңгелді ӘБДІҒАЛЫМ

# «Ұлттық Құрылтай – ұсыныс алаңы»



демақылар салық есебінен қалыптасады. Мемлекеттен алуды білсек, беруді де саналы түрде үйрететін кез келді.

– Президент бірқатар әлеуметтік бастамаларды да назардан тыс қалдырмады. Жаңа жобалар не жайлы?

– Президент мүгедектігі бар балаларын оңалту үшін ата-аналардың Астанамен екі ортада жүргенін, ұлттық орталыққа қаралу үшін кезек күтуге мәжбүр екенін баяндады. Ерекше қажеттілігі бар, сондай-ақ аутизмге шалдыққан балаларды оңалту, дамыту орталығын әр облыста ашуды тапсырды. Біздің өңірде «Алтын мирас» орталығы бар. «Жыл соңына дейін ерекше балаларды қолдауға арналған заң әзірленсін» деді. Мен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі ретінде осы заңды шығаратын жұмыс тобындамын. Одан бөлек, келесі жылдан бастап «Қазақстан балалары» атты ұлттық бағдарлама іске қосылады.

Маған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын барлық жекеменшік мектептерге енгізу туралы айтқаны ұнады. Оларда жалпы стандарттардан бөлек, оқыту бағдарламасы қандай екені де белгісіз. Елдегі жекеменшік балабақшалар да, сауықтыру лагерлері де лицензиясыз жұмыс істеп келген. Мен бытыр ғана «Qarmet» АҚ-ның лагерлеріне бардым, тәуелсіз Қазақстан туралы мүлдем ұғым жоқ. Кеңес одағының елтаңбасы, туы тұр. «Ағылшын тілін үйретеміз, «IT-шник» болуы керек» деп қаншама ұрпақты ұстаған шығарып алғанымыз рас. Бұл мәселені Президент дұрыс көтерді.

– Сіз қандай ұсыныс білдірдіңіз?

– Мен «Артспорт» бағдарламасының қаржысын үнемдеу туралы ұсыныс айттым. Мәселен, Қарағанды облысында бұл бағдарламаға бір жылда 4 млрд жуық теңге жұмсалады. Облыс халқының 85% қалада тұратынын ескерсек, оның қызығын қала балалары көруде. Ал, қалаларда тегін үйірме-секцияларды Мәдениет үйлері мен Балалар мен жасөспірімдер сарайы да ұсынады. Қарағандының өзінде төрт Мәдениет үйі мен үш Балалар мен жасөспірімдер сарайы бар, оларда жүзден аса секция жұмыс істейді. Ондағы үйірмелер сапалы, заманауи құралдармен жабдықталған, мамандары да білікті. Олай болса, қалалықтар үшін Мәдениет үйлері мен Балалар мен жеткіншектер сарайында бар үйірмелерді неге «Артспорттан» алып тастамақпа? Оларда үйірмеге келген бір балаға 500 теңге шамасында қарастырылған,

оқытушылардың жалақысы 80-120 мың теңге аралығында. Ал, «Артспортта» бір балаға 28 мың теңге бөлінеді. «Артспорт» арқылы бірден 200-400 балаға қызмет көрсететін жекеменшік орталықтар бар. Олар жылда әртүрлі орын жалдайды, мекенжайы ауысады, жабдығы мен оқытуын тексеріп жатқан құзырлы орган жоқ. «Артспортқа» жұмсалып жатқан қаржының бір бөлігін Мәдениет үйі мен Балалар мен жасөспірімдер сарайының жабдықтарын жаңартуға, оқытушылардың жалақысын көтеруге неге бөлмесек? Ән-күй, би үйірмелерін «Артспорттан» алып, мемлекеттік мекемелерге беру керек. Бюджет қаржысын үнемдеу деген осы. Оның қаржысын бассейн, тағы басқа баламасы жоқ үйірмелерді ашуға жұмсаған жөн. Әрі «Артспортқа» қаржы бөлгенде ауыл мен қалаға бөлінетін қаржының тепе-теңдігін сақтау қажет. Мемлекет балаларды дамытуға қаржы бөліп жатыр. Алайда, ол ауыл балаларына жеткен жоқ, Мәдениет басқармасы да, спорт басқармасы бағдарламаға қатысатын мекемелерді тексеруге құқығы жоқ екен. Бағдарламаны ақша жасау көзіне айналдырып алғандар жетерлік.

– Бұл ұсынысыңыз жауапсыз қалай ма? Жалпы, айтылған әрбір мәселе қаншалықты шешімін табады?

– Ұлттық Құрылтай – пәрмені биік басқосу. Онда барлық мәселе тікелей Президенттің алдында айтылғандықтан, міндетті түрде жауап беріледі. Сенат пен Мәжіліс депутаттары да Президент алдында осы Құрылтайда ғана айта алады. Бұл – халық пен Президент арасындағы көпір. Президент біз арқылы халықтың көкейіндегі мәселені естіп, біледі. Бытыр берген тапсырма бойынша 10 заң қабылданды. Құрылтай мүшелері айтады, сол бойынша Парламент мүшелері заң жобасын әзірлейді. Басқа жиындарға қарағанда нәтижелі.

Мысалы, халық министрге, әкімге хат жазады. Бірақ, олар «Мына заңды өзгертейік, мына бапты түзетейік» деп бас қатырмайды. Ал, Құрылтай соған мүмкіндік береді. Жыл соңына дейін министрліктер біздің ұсыныстарымызға жауап береді.

Мен тұтас жүйеге қатысты мәселелер көтеруге тырысамын. Кейбіреулер өкірме текетпін немесе өңірдің мәселесін қозғайды. Мұндай мүмкіндік беріліп тұрғанын кейін халықтық мәселе айтылуы керек.

– Келесі жиында айтар ұсынысыңыз бар ма? Әлде ол жайлы ойланбадыңыз ба?

– Ойымда – көші-қон мәселесі. 1990 жылдары Пәкістаннан, Ресейден қаншама адам көшіп келгендігі туралы құжат бар, бірақ, адамдар жоқ. Олар азаматтық алды ма, Қазақстанда тұрып жатыр ма, тірі ма, өлі ме еш дерек жоқ. Ресейден не үшін көшіп келген? Квота негізінен Монғолия, Қытайдан көшіп келуі үшін бөлінген. 2008 жылға дейінгі бірде-бір құжат жоқ. Одан беріде цифрланған ғана бар. Келесі Құрылтайда осыны көтергім келеді. Әрине, келесі жиынға қатыссам. Себебі, әр Құрылтайда әртүрлі адамдар болады.

– Сұхбатыңызға рахмет. Бастамаларыңызға сәттілік тілейміз.

Сұхбаттасқан  
Жаная ОМАРБЕК  
«Ortalyq Qazaqstan»

## • КОНФЕРЕНЦИЯ

# Тұлға тағдырынан тағылым

Қаһарман тұлға, ұлт жанашыры, мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеневтің есімін Арқа елі ұлықтап келеді. Бұл сөзімізге жыл сайын үздіктерге табысталатын дәстүрлі Тәшенев атындағы жүлде дәлел. Жақында Қарағандыдағы «Достық» үйінде «Жұмабек Тәшенев: Тұлға. Тарих. Тағылым» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Тағылымды кеште Ж.Тәшеневтің 110 жылдығына арнайы шығарылған «Жұмабек Тәшенев» жинағының тұсауы кесілді. Жаңа жинаққа тұлға жайында естеліктер, мақалалар мен ой-толғамдар енген.



Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ғылыми конференцияға еліміздің түпкір-түпкірінен келген ғалымдар мен қайраткерлер тұғырлы тұлға Тәшеневтің елі үшін жасаған ерлігі, жері үшін қабылдаған батыл шешімі жөнінде сөз қозғады. Конференцияға арнайы келген ұлы Саян Тәшеневтің әкесі жөніндегі жып-жылы естелігі тіпті, әсерлі.

Арқа жерінде Жұмабек Тәшеневке арналған танымдық іс-шаралар жыл сайын өтеді. Оның ішіндегі ауқымдысын Жұмабек Тәшенев атындағы жүлде дер едік. Сонымен қатар, Қарағанды қаласының №54 мектебіне Жұмабек Ахметұлы есімінің берілуі де көңіл қуантады. Осындай игі іс-шаралардың өткізілуіне мұрындық болып, басы-қасында жүрген, әртарапты қолдау көрсеткен барлық азаматтарға, оның ішінде руханият жанашыры Айтбай Жұмағұлға алғысымыз білдіреміз. – деп лебіз білдірген облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей конференцияны ресми ашып берді.

Асылдың сынығы, тектінің тұяғы Саян Жұмабекұлы әкесінің өнегелі жолын әңгімелемек бұрын, ұлт батырының есімін ардақтап жатқан Арқа жұртына алғысын білдірді.

– Қарағанды – менің ата-бабамның туған жері. Әкеміңіз түп тамыры осы жерден бастау алады. Сондықтан, бұл ел маған ыстық. Он бес жасыма әкемнен: «Мен неге бастықтың баласымын? Неге еркін, жұрт қатарлы керзі етіпкен жүре алмаймын?» деп сұрадым. Сауалыма оның айтқан жауабы әлі күнге дейін менің есімде. «Егер сен өзгелерден өзгешеленгің келсе, тек ақылды жүгін, киіммен бөлектену ақылдың ісіне жатпайды» деген болатын. Міне, сол сөзі өмірлік қағидама айналды, – деген ұлы-

ның естелігінен әкеге деген сағыныштың лебі есті.

Алғаш болып баяндама жасаған Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Серік Негимов қайраткер тұлғаның бес бірдей облысты аман алып қалғаны жөнінде әңгімеледі. Конференцияға арнайы келген Парламент Мәжілісінің депутаты Нұрлан Әуесбаев та мінберге шығып, Тәшеневтің мәңгілік мұрасына айналғалы тұрған кітапқа құттық болсын айтты.

Қарағанды зерттеу университеті жанындағы «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор, тарих ғылымдарының кандидаты Канат Еңсенов Оңтүстік Қазақстан аудандары үшін күресі турасында баяндама жасады.

Тәшеневтанушы Ерекболат Қабылда, педагогика ғылымдарының кандидаты Жабай Қалиев, филология ғылымдарының кандидаты Қайырбек Кемелгер, филология ғылымдарының докторы Саржан Такиров баяндамаларында Жұмабек Ахметұлының тұлғалық қырлары жан-жақты ашты. Тау тұлғаның саяси қызметін Алаш идеясымен сабақтастырды. Көркем әдебиеттегі Тәшеневтің бейнесі жөнінде де баяндама қорғалды.

Конференция соның Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық Қазақ музыкалық-драма театры Қазақстанның Халық әртісі, белгілі драматург Ерсайын Төлеубайдың «Алдаспан» драмасымен түйінделді.

Сурет ұйымдастырушылардан

# Ортақ мүдде игілікке бастайды

Құрылтай бірлік пен келісімді нығайтуға ықпал етеді. Оған қоса, қоғамдық диалог стандартын құрудың жарқын мысалы. Ұлттық дәстүрге, тарихи жадыға деген құрмет пен адалдықтың символы.

Сондықтан, тарихты есте сақтау саясаты, ұлттық брендинг тұрғысынан біздің халқымыздың полиэтникалық құрамын (мультикультурализм моделі) ескере отырып, дамуының идеологиялық аспектілерін құрудың маңызын көрсетеді. Елдің одан әрі даму жолын айқындап, жастарды тәрбиелейді.

Бурабайда өткен Құрылтай ұлттық бірегейлігімізді нығайтуға, түрлі этностарды біріктіруге бағытталды. Дәстүрге, отбасы мен шаңырақ құндылықтарына, туған жерге деген сүйіспеншілікке, мейірімділікке назар аударуға арналды.

Құрылтай Наурызнаманың бекітілген тұжырымдамасы аясында «Амал күнін» мерекелеумен сәйкес келді. Ұлттық киімді және этникалық бірегейлікті танымал етуде бизнес бастамаларды дамытуға қолдау көрсетуге баса назар аударылды.

Президент Қасым-Жомарт Токаев Бурабайда сөйлеген сөзінде:

«Биылғы жыл тағы да қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келді. Жарқын қасиетті мерекелер ізгілікке шақырады, асыл және жасампаз құндылықтарды насихаттауға ықпал етеді. Бұл күндері Құрылтайды өткізу – жақсы белгі» деді.

Президенттің Құрылтайдағы Жолдауының мазмұнынан қоғамдағы бірлік пен келісім мәселелерін қозғайтынын аңғаруға болады.

Алдымен, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауға әсер ететін аспект – қоғамдық этика, оның шекараларын сақтау. Адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау, жалған ақпарат тарату – құқық нормаларын бұзады. Жеке тұлғалардың шекарасына қол сұғу – әділеттілік қағидатына деген сенімге

нұқсан келтіреді. Сол себепті, ала-яқтықтың таралуына, «жалған оқытушылардың» қызметіне тосқауыл қою қажет.

Сөз бостандығы мен сындарлы сынды шектемейтін, халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасының элементтерін сақтау, саралау және әзірлеу – диалог құрудың өркендетуі әдісін қалыптастыратыны сөзсіз.

Жекелеген елдердің дәстүрлі емес діни ағымдардың жастар арасында ықпалының күшеюі жағымсыз салдарға соқтырады. Бұл бөтен діни трендтердің ұлттың шоғырлануына емес, бөлінуіне әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Мұндай үрдістердің алдын алу үшін Президент діни саланы реттеу саласындағы заңнамалық нормаларды қайта қарау қажеттігін атап өтті. Идеологияның маңызды құралы – Қазақстанның

ұлттық брендинің элементтерін қалыптастыруға ықпал ететін кинематография. Көркем, деректі және анимациялық фильмдердің сапалы, жасампаз және тәрбиелік мазмұны, әсіресе, жастар мен балаларға әсер етуі әлеуетіне ие. Сондықтан, ұлттық театрларды дамыту және қолдау маңызды. Өйткені мәдени білім мен ағарту – ойлау жүйесін байытады, қоғамның интеллектуалды бөлігін қалыптастырады, шығармашылық көзқарияны кеңейтеді.

Президент Қасым-Жомарт Токаев бытыр Құрылтайда айтылған идеяларды атап өтті. «Адал азамат» тұжырымдамасының мұрағаттарына сәйкес келетін патриоттық, білімді, жасампаз ұрпақты тәрбиелеу қажет.

Мен Құрылтай мүшелерінің осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атау туралы ұсынысын толық қолдаймын.

Сонымен бірге, Құрылтайда тарихи жады мәселелері қозғалды. Атап айтқанда, тарихи әділеттілік қағидаттарын сақтау, ономастикадағы тәртіпті сақтау, жеке тұлғаның

еңбегін сапалы сараптамалық зерттеу, қалалар мен көше атауларында халық тарихын көрсетуге баса назар аудару қажеттілігі атап өтілді. Осы орайда халық тарихының бірегейлігін толық ашып көрсету керек.

Қазіргі Қазақстанның миссиясы – көшпелі өркениет заманында озық, дамыған елге айналу. Сонымен қатар, ортақ игілік үшін халықтар мен мәдениеттерді, дәуір мен кестікті біріктіру де міндет.

Президент «Қазақстан балалары» бағдарламасын әзірлеуді тапсырды. Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес бойынша жаңа кешенді жоспарлар қабылдау, балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау және мерзімінің өтуіне байланысты күшін жоғалтқандар орнына жасөспірімдер сунцидіннің алдын алуды көздейді.

Заңнамаға өзгерістер енгізілетініне, балаларды психологиялық қолдау орталықтарының ашылуына қарамастан, отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылық, дәстүрлі емес діни ағымдардың теріс әсері бар

фактілер орын алуда. Бағдарламаны құру білім беру мен тәрбиені біртұтас жүйенің бөлігі ретінде интеграциялау мәселелерін шешуге ықпал етеді.

Сондай-ақ, әрбір облыс орталығында аутизмді бар балаларды қоса алғанда, ерекше балаларды оңалту және дамыту орталықтарын салуды жандандыру, ерекше қажеттіліктері бар балаларды кешенді қолдауды реттейтін жаңа заң әзірлеу қажет.

Жоғарыда келтірілген ұсыныс, пікірлердің орқайсысы жастардың болашағы үшін белсенді күш-жігерді қолданудың алғышарты. Бұған мемлекеттік органдар, қоғам қайраткерлері, институттар белсенді араласуы тиіс.

Айжан ҚИЯСОВА,  
Қазақстан халқы  
Ассамблеясы төрағасының  
Қарағанды облысы  
бойынша орынбасары,  
Аналар кеңесінің төрағасы

# Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері,

## Серік ҚИРАБАЕВ, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі:

«Біздің дәуіріміздің Моцарттары әдебиетте көрінгенмен, Сальерилері әлі халыққа таныс емес. Осы саладағы жаңа ізденістердің бірін мен Серік Ақсұңқарұлының «Моцарт пен Сальери (осы заманғы нұсқа)» атты шығармасынан («Егемен Қазақстан»). 16 шілде. 2014) көргендеймін. Талантты ақын ой батылдығына қоса, бейнелі суреттермен заман мен адам өмірі туралы танымын паш еткен.

Бұрыннан өзіме таныс тақырыптың сырына, қайғылы оқиғалар легі мен әрқилы тағдырлар бастан кешкен өмір шындығына қайта бір көз жіберіп, ойланым қалдым. Жақсы жыр оқығанда, қашан да осылай. Тоқтайсың, Ойланасың. Оған парасатты поэзия биігінен қарайсың.

Серік ақынның болмыс-бітімі бөлек өлең үлгісіне сүйенген, ойы да батыл, ашық, бояуы да айшықты жырға сүйсінімді. Оның жақсылық пен жамандықты тең ұстап, жарқын сурет пен қара бояуды өз шындығына сай талдап, аша білгеніне қуандым.

## Шерхан МҰРТАЗА, Қазақстанның Халық жазушысы:

Адам дәрігері адам кеселін емдейді. Бір кісіні, екі кісіні, көп кісіні... Ал, ақын, егер ол ақын болса, ол шын ақын болса, бүкіл адамзатты емдейді. Сондай нағыз ақындардың бірі – қасиетті Қызыларай тауында туған Серік Ақсұңқарұлы. Соңғы жаңа кітабы – «Адам ата – Гауа ана» жинағы қолыма түсті. Сүйсінімді. Ақсұңқарұлы баяғы-баяғы бабасы Күлтегінді іздейді. Таба алмай шарқ ұрады. Түрік әлемінің абыройын асқақтатқан Күлтегін заманын аңсап, Иисус Христостың оралуын зарға күткен христиандар сияқты, ақын да ұлы рух пайғамбарларының қайта келуін аңсармен армандайды. Күлтегіннің өзі армансыз деп кім айтты? Оның да сатқын уәзірлері болған. Бәләқор, жалақор, парақорлар сол заманда да сүмелеңдеп жүрген. Алып бәйтеректің өзегіне құрт түссе – бәрінен де сол жаман. Қысық көз, қысық тістілердің әккілігіне, парасына қызығып, елін, Отанын сатқан сұмұрайлар ақыры айбынды түрік дүниесінің іргесін ірітті. Ақсұңқарұлы өткір өлемен осы көң тарихты тірітті. Дәл осы кезде, тәуелсіздік таразысының екі басы алма-кезек қалтындап, теңесе алмай тұрған шақта бұл поэма – қаһарлы қатаң ескерту: «Маңдайымның соры неге бес елі?!» – дейді Ақсұңқарұлы. Қайғылы да қаһарлы сұрақ.



## Мұхтар МАҒАУИН, Қазақстанның Халық жазушысы:

Егер Тәңірі саған қуат берген болса, дарын берген болса, көкірегіңе бір сәуле күйген болса, оны аялап ұстаған абзал. Бұл дарын аз ба, көп пе – сен оны ешкімнен тартып алған жоқсың. Берсе оны саған Алла берді! Басқа саланы айтпай-ақ қояйын, өзімізге етене таныс жазу-сызу төңірегіне ой салсақ, Тәңірі ақын болсын, жазушы болсын деп бір пендесін таңдады. Көкірегіне сәуле құйды. Менің Серік бауырым сияқты. Алла сәулесін ақын Ақсұңқарұлының кеудесіне құйды. Онымен қатар қанжығаласа туғандарға ондай қасиет берген жоқ.

(Прага, 2011 ж.).



## Ілия ЖАҚАНОВ, композитор:

Серікті оқып, тереңіне бойлау үшін көнедегі көшпелі халықтың, әсіресе, Түркілер дәуірін, Алаш ұранды елдің ежелгі тарихын жақсы білу керек. Дала төсінде емін-еркін көшіп-қонып, әлемді аша алақанда, жұмса жүдырығында ұстаған көшпелі елдің рухы – азаттық пен еркіндіктің символы. Серік жасаған соны образ! Қазақ хандығының айбынды заманын жырлау арқылы ерлік пен өрлікті ту еткен елдік сананы оятады. Отаншыл рухқа бастайды. Мемлекеттік, ұлттық сана-сезімді жоғары ұстап, ту қылып көтереді.



## Есенғали РАУШАНОВ, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

Қазақ ешқашан тулар мен жабыны бір бәйгеге қоспаған. Біздің заманда сол мүмкін болып тұр. Мысалы, анау бір кісінің мынау бір туысы, інісі, құдасы Мемлекеттік сыйлық алады, оған ешкім таңғалмайды.

Есесіне, Тынымбай Нұрмағанбетов, Серік Ақсұңқарұлы немесе Жәркен Бөдеші алмай қалуды мүмкін. Баяғы заманда мұндайға таңғалатын едік, қазір таңғалатын түк те жоқ.

# Көк бөрінің зары

Ақын Серік Ақсұңқарұлы «Алтын қыран» баспасынан жарық көрген «XX ғасырдың жиырма сәті» деп аталатын жыр жинағын Танақол Толқынқызынан беріп жіберіпті. Ондағы кейбір өлеңдердің осыдан отыз жыл бұрын жазылғанын білемін. Алайда, оқырманды елең еткізген сол газдалардың көбісінің бірден жолы болмады.

Ақынның өнердегі қолтаңбасын қапысыз танып, жоғары бағалап, жазушылар одағында өткен жыл қорытындысында шығармашылығына арнайы тоқталып, ол өлеңдердің кітап болып баспадан шығуына ықпал еткен менің әкем еді.

Әлі есімде. 1982 жылдың шілдесі болатын. Бір күні әкем үйге көтеріңкі көңіл күймен жұмыстан оралды. Үйреншікті әдетімен ваннаға кіріп, бір сағаттай жуынып-қырынып алған соң, телефон тұтқасына жармасып, әлдекімдермен сөйлесе бастады. Бөлмеде кітап оқып жатқаныммен, саңқылдап шығатын әкемнің дауысын еміс-еміс құлағым шалып қалады. «Серік, талант, поэзиямыздағы жаңа құбылыс. т.с.с» деген мақтауларды анық естідім.

Ұзақ уақыт бойы мен әкемнің қандай Серік туралы айтқанын біле алмай дал болып, басым қағып жүрді. Өйткені, өлең жазатындардың ішінде Серік есімді бірнеше ақын бар еді.

1985 жылы әкем Жазушылар одағындағы жыл қорытындысына орай қазақ поэзиясы туралы баяндама жасады. Қалыптасқан дәстүрді бұзып, сол жолғы баяндамасын ол әлі ешкім танып үлгермеген Серік Ақсұңқарұлының шығармашылығын талдаудан бастады. Поэзиямызға қосылған үлкен талант екеніне айрықша тоқталды. Ақынның кітабы жарық көргенде балаша қуанғанын әлі ұмыта алмаймын.

Зымыран уақыт-ай, десеңізші! Содан бері табаны күректей жиырма жеті жыл заулап өте шығыпты. Соншама уақыт өтсе де жүрегім жазылған жырларды қайта оқығанда алғашқы оқыған сәтіндегідей әсер алады екенсің...

Серік Ақсұңқарұлы – жаңашыл ақын. Әсіресе оған орыс шайыры Андрей Вознесенский жырларының қатты әсер еткенін аңғарғандаймын. Серік – қазақ поэзиясындағы ең тұңғыш модернист ақын. Ол қазақ поэзиясын түрлендіріп, жыр әлеміне заман ағымына сай өлеңнің жаңа техникасын алып келді. Ақынның жазғандары рухты поэзия.

Міне, сондықтан да, оның жыр жинағын оқығанда ақындық мінезімен жырға жан бітірген өлеңнің рухы сөйлеп қоя береді.

«Жек көрем итті!  
Альсып жүрем,  
Шабысып жүрем!  
Қағынып...  
Сайын даланың

тағысымын – мен,  
Не деген ғажап – тағылық!

Шауып түсемін!  
Күш ағысымды  
Сыйғызға алмай ішіме.  
Адамның алмас пышағы  
сынды  
Ырзамын азу тісіме!..  
Бұл – Серіктің «Қасқырдың  
монологы» атты өлеңі. Өлеңі ғана

емес, рухтың құйындысы, елдің елдігі үшін жұлысып, талай-талай қанды ұрыстарды басынан өткізіп, сонау заманның жан шыңырауынан естілген қасқыр бабалардың зары бұл.

абайсызда апанға түсіп кетіп, не істерін білмей еркіндігінен айырылып аласұрған көкжалдың бейнесін мүсіндейді.

«Ала төбеттің астында қалар,  
Күн туғаны ма ақыры...  
Неге үндемейсіңдер,

қасқыр – бабалар,  
Қағынып кеткен жатыры?

Неге үндемейсіңдер?  
Ұрлық түн еді.

Шатысып...

Көзге ешкімді ілмей,  
Қырт –  
Жердің бетін жаулап алған  
пілдей құрт –

Ақындарды ұстайды енді  
өзіндей

Өлімтікпен – бірдей ғып!..  
Ақындық жүрек сезе-дүр.  
Қасқыр бабалардың мінезі өліп,  
халық тобырға айналса, елдің  
сенім артқан зиялылары биліктің

## АҚЫН ЗЕРТХАНАСЫ (Серік Ақсұңқарұлына)

Оның мінезі – жасыл найзағай сияқты шатырлақ,

Нағыз керек болмыс ақынға-ақ!  
Сүйсе – лапылдап түгі қалмай сүйеді,  
Суыса – Арқаның сары аязындай сақылдақ.

Оның ойлары – ешкімнің ойына келмейтін мәтіндер.  
Толық тану үшін алыс тұр һәм жақын кел.  
Оның айтуынша: ақын деген шоколад жеу керек,  
Сыра ішіп тұру керек әкімдер.

Оның өлеңі – Мәриямның қолындағы өткір қайшыдай,  
Бір қарасаң – күшейтпелі,  
Бір қарасаң – жай шырай.  
Ол өлең жазса – отты айналған пәруана көбелек,  
Өлең жазбаса – жеңілген әскер сынды ойсырай.

Оның рухы – тұманға жалғыз сіңіп жоғалған көкбөрі,  
Жапанға ылғи жалғыз қонатыны содан шеткері.  
Оның әлемі – біздің әлемдей қызыл, жасыл,  
көк емес:

Үйі – кітапхана,  
Жолдасы – жалғыздық,  
Абай – мектебі.

Оның кітаптары – қаланған жартастар кәдімгі,  
Сөрелердің алдында  
Ақын сергек,  
Ақын сабырлы.  
Ұқытпап алмасаң төбеңе құлауы мүмкін Неруа,  
Құлатып алуың мүмкін Қадырды.

Оның қаламы – пырақтардың болат тұяғы,  
Оның қағазы – қазақтың байтақ қыры мен қияны.  
Жазу үстелі – домалақ Жер беті,  
Майшамы – мыңдағы қиялы.

Оның құбыласы Хакім Абай мен Қасиетті Құран тек,  
Шәк келтіруге болмайды бала, бұған көп.  
Ол қазір де Алланың алдына барғандай тап-таза,  
Өлең жазып отыраына күмән жоқ.

Мирас АСАН

Ақын тегінен айырылып, өлексе үшін жұлысып итке айналып бара жатқан бүгінгі ұрпағының тірлігіне қапаланады. Еркіндікті аңсап, дүниеге асқақ қараған қасқыр бабаларының рухын қайта тірліктікі келіп, камырықты күйді басынан кешеді.

«Қасқыр – бабалар!  
Бар ұлыстардың  
Мазасын алып манадан –  
Иттермен болған  
қанды ұрыстардың  
Иісін сезем даладан.

Қаңқу сөз жүрек кегін  
үрлейді,  
Қарлық-қарғысқа барабар.  
Бізбенен иттің тегі-бір  
дейді!..

Рас па, қасқыр – бабалар?!».

Серік Ақсұңқарұлының өлеңдерінде қасқырдың символы айрықша орын алады. Оның поэзиясында «ақынның үшінші дауысы болып» (Томас Элиот) көбінесе қасқырдың образы сөйлейді. Алайда, оның өлеңдеріндегі осы бір дала тағысы «Бөрі басы ұраным, бөрілі менің байрағым, бөрілі байрақ көтерсе, қозып кетер қайдағым» деп Сүйінбай Аронұлы ақын жырлаған қасқырлар мүлде бөлек образдың символы.

Жыр алыбы Сүйінбайдың өлеңін оқығанда тағылық мінезіне ырза болып, даланың апайтөс төсінде ойнақ салған қасқырдың образы көз алдыңызға елестейді. Серік Ақсұңқарұлы керісінше

Жатқаным мынау – жау іші.  
Аспанның астын  
дүрліктіреді,  
Үрген иттердің дауысы...».

Азаттықты, батырлықты, өжеттікті қасқырдың бейнесімен беру ұлттық ұғымға жақын болғандықтан ғана ақын дала тағысының образына қызығушылық танытып отырған жоқ. Өлеңдегі қасқырдың символы ақынның азатты ізденісінен туған – бүгінгі заманның көрінісі.

Құлдықтың қамытынан құтыла алмаған қара тобырдың бүгінгі лас тірлігіне күшті қарсылықты туғызуды үшін ақын қасқырдың образына еніп сөйлейді. Қазақтың рухына жасалып жатқан қастандықпен қасқырша арпалысып, өмірін жаугершілікте өткізген бабаларының асқақ рухын аңсап аспанға қарап зарлайды.

Әсіресе, «Мен – ұлыған көк бөрісі даланың» атты лирикалық шығармасында саппас тобырдың надандығына, неше түрлі қара беттердің озбырлығына қапаланып, кеудесін кек кернеген ақынның ашу-ызасы шарықтау шегіне жетеді. Сан рет сотталып, сан рет ақталса да заманға иілгісі келмеген қасқыр мінезді ақын неше түрлі сұмдар мен сұмұрайларға азу тісін ақитып, айбат шегеді.

«Енді ақындар жекпе-жекке қатысып,  
Мерт болмайды атысып!  
Сотталмайды соры қайнап  
бостан-бос,  
Ақталмайды қара бет боп –

жуындысын ішкенге мәз болып, ақын құл-құтанға жанын сатса қазақтың рухы өледі.

Қайтпек керек! Бүгінгі күннің шындығына айналған осы бір көңілсіз көрініске қасқыр мінезді ақынның аспанға қарып, көк бөріше ұлығаннан басқа амалы қалмапты.

«Мен –  
Ұлыған Көк Бөрісі Даланың,  
Ұлымауға амалым жоқ,  
амалым.

Құлдар сүйді –  
Құл иелену заманы!  
Сұмдар сүйді, –  
Сұм иелену заманы!

Қайтем енді құлға кеткен есемді?!  
Қайтем енді сұмға кеткен есемді?!  
Бітті менің заманым!  
Хош, енді!..».


Құлдары көктегі Құдайды да менсінбей кекесінен қараған, ел қамын жеген ерлерінің рухы адамгершілік, имандылық, әділеттілік секілді ізгі ұғымдарды ұмытқан қара тобырдың табанының астында тапталып, екіжүзділік, алаяқтық, сатқындық патшалық құрған бүгінгі өмірдің шындығын бұдан артық қалай суреттеп, жеткізуге болады.

Амангелді КЕҢШЛІКУЛЫ,  
әдебиет сыншысы,  
халықаралық  
«Алаш»  
әдеби сыйлығының  
лауреаты

# ақын Серік Ақсұңқарұлы – 75 жаста

## Қуанышбай ҚҰРМАНҒАЛИ, ақын, сыншы:

«Қазақ ұлтының адамзаттың ұлы көшінде басынан кешірген нәубет науқандардағы қилы да қиямет тағдыры туралы жас ақын толғаныстары топтастырылған «XX ғасырдың 20 сәті» кітабының қолжазбасы «Жалын» баспасына 1980 жылы тапсырылса да, ол қайта-қайта кері қайтарылып, ақыры араға табаны күректтей төрт жыл салып, 1984 жылы әрең жарыққа шықты. Онда да қысқартылып, күзеліп-түзеліп дегендей. Сол кезде аталмыш баспада басшылықта болғандықтан мәселенің мән-жайын жақсы білемін. Ақын риза болмаса да, тұңғыш кітабының тұсауы кесіліп, жолы ашылсын деген ізгі ниетіміз болған. Біздің қолдан келгені осы еді. Сол кездегі цензураның қырағы сынағынан амалдап өткенбіз... Ақ ниетіміз ақталды. Содан кейін, құдайға шүкір, Серік ақынның айы оңынан туганы ақиқат...».



## МАРАЛТАЙ

### Қасқыр

Қасқыр – бабалар!  
Бар ұлыстардың  
Мазасын алып манадан –  
Иттермен болған қанды  
ұрыстардың  
Иісін сезем даладан.

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

Азуында Күннің нұры ойнаған,  
Жанарынан бір тылсым ой бағам...  
Қарсы алдымда қасқыр-ақын

тұрады,

Алысқанын алып ұрмай қоймаған.

Айдың алтын сәулесі бар тісінде,  
Көк Тәңірдің сипаты бар түсінде.  
Ақсұңқардың Серігінен аумаптын  
Ұлып тұрған қасқыр көрем түсімде!

Ұлып тұрған қасқыр көрем неге мен?!  
Бауырымдай, жақынымдай көнеден.  
Көз алдыма Серік ақын келеді,  
«Ол – Менмін!» деп, – қасқыр емген  
енеден...»

«Көк Тәңірдің сөзі – менің сөзім» деп,  
«Көк Бөрінің көзі – менің көзім» деп!  
Иісін тартып көкке қарап ұлиды,  
«Көк Түріктің сөзі – менің Өзім» деп!

О, Көк Бөрім, ұлығаның ұнайды,  
Сен ұлысаң еске салып Құдайды.  
Сөз патшасын мансұқтаған

малғұндар

Басын бүркеп, жер тізерлеп

жылайды!

... Ішің тартып, Айға қарап ұлиды,  
Ол ұлыса – ішің менің жылдыды.  
Қорқаулардың тірсеңтері қалтырап,  
Зар жібегің, зәре-иманы құрды!

Ұлып тұрған Ақын көрем неге мен,  
Қасқырменен бірге туған енеден?!  
Қазақтағы қара өлеңнің киесі,  
Ол қасқырды, қасқыр оны жебеген...!

Күннің алтын нұры ойнаған тісінде,  
Көк Тәңірлік заңғар, алып пішінде.  
Ақсұңқардың Серігінен аумаптын,  
Ұлып тұрған қасқыр көрдім

түсімде...



## Түркіден тартқан тамырын...

Алаш ақыны Серік Ақсұңқарұлы ағамыздың 2018 жылы Алматыдағы «Атамұра» баспасынан «Көкейімде – Күлтегінің Жазуы» деп аталатын жаңа жыр кітабы жарық көріп еді. Көлемі – 358 бетті қамтитын, 19 баспа табақтай жыр жинағы ақынның сонғы кезеңдердегі шығармашылық жемісі. Кітап екі бөлімнен құралған. Біріншісі – «Кириллица – ет жақыным, жатым да...» делінсе, екіншісі – «Сайтанның сайран салуы».

Кітап атауы – Күлтегінің Жазуы. Ойшылдардың айтуына карағанда, «Сөз», «Жазу» дейтін ұғымдар адамзаттан бұрын пайда болған. Қолмен жазған әрбір сөздің өзі – шариғатта айтылатын «Маңдайға жазылған», «Пешенеге бұйырылған» жазулармен төркіндес, туыстастығыз байланыста болуы әбден мүмкін. Ауызша айтқан сөзін де солай. Қазақ халқының алғысқа қуанып, қарғыстан қорқатынында да көп мән-мағына жатыр. Сөздің өзінің екі түрі бар. Ауызша һәм жазбаша. Қазаққа XIX ғасырға дейінгі мол дүние ауызша тарап, «Айтылған сөз – атылған оқтың» кебін киді. Қайта далалықтардың жадының мықтылығынан, сөздің күдіретін түсініп – сыйлағандығынан, фольклоршыларымыздың жан-кешті еңбегінің арқасында ұлттық руханияттың уызы жоғалмады.

Бір қуанарлығы, көне ғасырдың өзінде Күлтегін батыр өз жорықтарын, сол кездегі дәуір суретін тасқа қашатып жазғызды, қалдырды. «Күндіз күлмедім, түнде ұйықтамадым. Аз халықты көп қылуға харекет еттім. Бәрі түркінің қамы үшін...» деп келетін өлең жолдары – біздің ұранымыз, ұлы арманымыз. Осыған бару, осыны жазу – Ақсұңқарұлының ақындық кредосы.

Аталмыш жинақ – қысқасы һәм поэма-сы бар 200-ге тарта өлеңнен құралыпты. Оқып көрелік: Сыймайтұғын ешқандай бір өлшемге, Жусанмын – Мен!  
Көнбесең де, көнсең де – Сарыарқада өсемін мен найқалып,  
Басқа жерде өспеймін мен – Өлсем де!

(«Жусан»).

Жусан өсімдігі – далалықтарға тән дара ұғым. Туған топырақ, Атамекеннің бойтұмары іспетті. Басқаны айтпағаның өзінде, алыс Мысырдың бір кезде билеушісі болған қыпшақ Бейбарыстың қартайған шағында даланың бір тал жусанын аңсап, сағынғаны да – осынау ойымызға дәлел бола алады. Ал, ақын өзін жусанға теңеп, шағын шумақпен шалқар ойдың өзегін ұсынады. Сарыарқаның сәні болып, символына айналған жусан-күдірет кейінгі кезде медицинада да жақсы жетістіктерге жетіп, ғаламдық деңгейге шықты. Адамзат денсаулығына арналған мықты дәрілерге мұрындық болуда. Ендеше, «Мен

– жусанмын! Сыймайтұғын ешқандай бір өлшемге...» дейтін ақын даусынан мынау ұлан-ғайыр даламыздың қадір-қасиетін, болмыс-бітімін көргендей боламыз.

Ақсұңқарұлының ақындық автопортретін мына өлеңнен де анық аңғаруға болады:

...Абдырап бір кез қалдым ба,  
Аузыма ұстап Алладан түскен ой легін?  
Алдияр біткеннің алдында  
Айдаһардай айбарланып сөйледім!  
Жаһанның етегін жұлқына түріп,  
Көкжиекте көшем кеп.  
Қара аспанның кара бұлтына кіріп,  
Сауладым қара нөсер боп!  
Арқадан Аспанға жүгіріп,  
Қанатты бұлтқа сүйгіздім.  
Хафиздің жұпарын сіміріп,  
Пушкинді тарыдай қауызға сыйғыздым!  
(«Арғымақ – Пегас»).

Қыранның биікке қанат қағуы, тұлпардың ұлан-ғайыр далада бес жүз құлаш жазылуы бар бұл өлеңнің он бойында. Өршіл рух өлеңді қыз-қыз қайнатып, от-жалынды лапылдапты, өрттей шау-пиды. Жігерді қайрап, жүрекке күш-қуат береді. Ұрпаққа патриоттық тәрбие, туған жерін жөне елін сүйетін отансүйіштік қасиет осындай шымыр шығармалардан дариды.

Кітаптағы өлеңдердің тақырыбы әр алуан. Ара-арасында махаббатқа да орын берілген. Лиризм тұнған сол шоғырдың ішінде мына бір шумақ кім-кімді болса да бейжай қалдырмасы анық.

...Шарбақтың алды.  
Қоңыр күз еді.  
Ай – жарық.  
Ерінге ерін тиді де, қалдық байланып.  
Дүние кетті геометриядағы ғажайып,  
180 градусқа айналып!

Осындай ғажап образдар «Күнекей қыз», «Қара бұрым», «Гүлбардың әні», «Ерінің от екен ғой?!», «Муза қыз», «Екі ару» секілді өлеңдерінен де орын алған.

Ақын «Сайран менің он сегізім...» дейтін өлеңінде:

Қазыбек би жоқ, Әйтеке би де, Төле де,  
Алдына барып бақ сынар.  
Тоталитаризм – төбеде,  
Төрімде кілен – қабағын түйген хатшылар... – деп Кеңес Одағында өткен көмескі күндерге налиды. Албырт шағында басынан сипап, бата берер «Большевиктер қоғамынан» ешкімді таба алмаға-

нына өкінеді.

Тағы біршама өлеңдерінде Ақсұңқарұлы бүгінгі қоғамның кемшіліктерін де найзаның ұшына іледі.

Үзінділер келтірелік:

...Көздер кепкен қоғалы,  
Ерлер кеткен...  
Кімге соның обалы?  
Баянсыз-ақ базар боп тұр найқалып,  
Қодарлар мен Жантықтардың қоғамы...  
(«45 градус аяз»).

\*\*\*

Нарықтың ілініп қырына,  
Басымды тауға ұрдым, тасқа ұрдым.  
Банкті – баукеспе ұрыға,  
Халықты – Құдайға тапсырдым.  
(«Нарық заманы»).

\*\*\*

...Қалай Тәңірі осынша ұлы ұлысқа,  
Ұлттық сезім сыйлауды кетті ұмытып?  
(«Қазақстан»).

\*\*\*

Қайда әлгі Ұлттық Табыс?!  
Не деп барам?  
Бір кило Ұлттық Ұят!  
Бір кило Ұлттық Намыс –  
Керек маған!

\*\*\*

Сайтан қайда жүрсе-дағы үкілі,  
Жүреді елге соның ғана үкімі.  
Қара басып қайдан бізде қалды екен,  
Науа жеген сол алманың тұқымы?!  
Шындықпен шырылдаған шерлі  
шумақтар. Мұңға батқан мұздай қайырымдар.  
Қай қоғамда да, қай дәуірде де  
батыл ой мен өткір сөзді жыраулар мен  
ақындар айта алған. Бұқардың бұрқыраған  
бұлтты жырларының, Махамбеттің  
найзағайлы семсер өлеңдерінің бүгінгі  
көрінісін Ақсұңқарұлының поэзиясынан да  
осылай кездестіруге болады.

Ал, мына сөз де терең ойларға жетелейді:

Қазақ қана: «Адам» деген – Адамды!  
Көрген жұрттыз көресінді, жоқтықты.

Көріңген ит бізге неге соқтықты?!  
«Иңжідегі» «Адам» деген асқақ сөз –  
Қазақты!  
Басқа тілде жоқ, тіпті!  
Дүниенің ғажабы да –  
Біздікі!  
Азабы да –  
Біздікі...

(«Адам»).

Өткен мен бүгінді байланыстырып, қазақ қоғамының жетістіктері мен оқшылықтарын ортаға сала отырып, ұлттық ерекшеліктерімізді де жарқыратып көрсетуге арналған жұмыр жинақ жұртшылыққа жетті, оқырмандар олжасына айналды.

«Мұнай заманы» дейтін өлеңмен басталып, «Сайтанның сайран салуы» поэмасымен аяқталған аталмыш кітапты оқып шыққан адам көп нәресе көзін жеткізеді сөзсіз деп ойлаймын. Әсіресе, кітаптағы «Клеопатра» поэмасы өзінің әдемілігімен, өрлігімен қызықтырса, «Сайтанның сайран салуы» поэмасы тосындығымен, жұмбақтығымен таңғалдырады...

Сонымен, «Көкейімде – Күлтегінің Жазуы» жинағы ақын Серік Ақсұңқарұлының парасат-пайымы толысып, кемелденген кезінде шыққан еңбегі екен. Яғни, салмақты да сабырлы шағының сарқыты.

\*\*\*

Бүгінде Алаштың ақиық ақыны Серік Ақсұңқарұлы жетпіс бес дейтін асқар таудың тағы бір биігін бағындырды. Абыз жасына аяқ басқан ағамызға мерейлі мерейтойында мықты денсаулық, отбасына амандық-бақыт, ұзақ ғұмыр тілей отырып, әлі де ұлттық руханиятқа өз үлесін қоса берсе екен дегіміз келеді.

Әлімжан ҚҰТЖАНҰЛЫ,  
Қазақстан  
Журналистер одағының мүшесі

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Ұстараның жүзіндегі өмір

«Таң атады. Түс. Ымырт, түн кіреді. Естіледі Музаның мұңды лебі. Эрмитажда күліп тұр Джоконда, Жылап тұрған шығар ол? Кім біледі...»

Мықты өлең расында солай ғой деп бас шұлғытып қояды. Мұқағалидың «Қасым солай болмаса, несі Қасым?» дегеніндей өлең солай болмаса, несі өлең бірақ?

«Қала біткен қыз құсап боянады, Қызықтырмай, қаратпай қоя ма әрі? Отырардың түсіне Помпей кіріп, Ұйқысынан шошынып оянады...» дейді. Серік Ақсұңқарұлы осылай жазды. Төбеңнен бір нәрсені тастап жібергендей, сананы сілкіп оятады. Асау, асқақ лирика. Биіктен қарап бағамдауға үйретеді. Абайдың «Мақсұтым тіл ұстартып, өнер шашпақ» дегеніндей, адамның жанын асқақтыққа тәрбиелеу талғамды өсіреді. Рухты шындайды.

Ақын жырын буырқанып жазатыны байқалады. «Адам ата – Хауа ана» кітабында өзі де айтады. «Өлеңді қалшылдап терге батып жазамын» деп. Сонысы шумақтарынан байқалып тұрады. Және дайындығы



Сурет автордан

жоқ оқырман қабылдай бермейтін сезімдер атқайтанды да тұрады. Ақын өзі бірақ жыр тәңірінің алдында жүгініп қана отыратын сияқты. Пенделігінің бәрі өледі деген сөз. Жанын қоярға жер таппағанда тұпсанадан

рух қана бас көтереді. Мәртебелі поэзияның күдіреті сол емес пе? Адамға жерден басын көтеріп сөйлеуге ұлы күш берген Алла. Ой, сана-сезім, ақылдың қасиеттері қосылып, рух түзетіндей болады да

тұрады. Ойлап көріңіз, өзі жыр тәңірінің алдында тізесі қалтырап отыр, бірақ асқар асқақ сезімдер сөйлеп, тегеурінді ойлар айтады. Жан сөзі ғой ол. Мағжан болса поэзияны «жан сөзі» дейді. Сол сұмдықтар Серік Ақсұңқарұлы жырларынан қылаң ұрады. Ақын болып өмір сүрудің азабы да, ғажабы да сол сияқты сезіледі. Не сұмдықтың бәрін сезіп қойғаннан асқан азап бар ма? Сонсоң өлең жазбағанда қайтеді ақын? Кейбір өлеңдерін өзі де түсінбей қалуы мүмкін-ау ондайда.

«Жан рақаты джунгли жанатынан, Хиросима үстінде – кара тұман. Көгершіндер ұшып жүр, бүрк-бүрк етіп Оқ-дәрінің иісі қанатынан... Ұштым мен де жаһанның шетін көріп, Қызыл-жасыл дүние не түрге еніп, Кілем жапқан тұр диван-керуеттер Махаббаттың төсегі секілденіп!».

Осыдан кейін оянбаған сана – сана ма? Осыдан кейін атқатпап кетпеген сезім – сезім бе? Мұндай оқыс ойдан ұстараның жүзінде қайралмаған рух одан кейін рух болып жарыта ма, білмеймін. Бірақ олай болу үшін, қалыптасу үшін Хиросима-

ны, онда тасталған атом бомбасын ғана білгенің аз. Көгершіндердің махаббат пен сезімге оралған хаттарды ғана емес, одан да сұм ақпараттарды тасығанын түйсінудің керек-ау.

Өмірге өнердің көзімен қарау... Кім біледі, дұрыс та шығар, бұрыс та шығар... Не десен о де, бәрін «бұлдірең» анық қой. Сана-сезім, сүю биіктеген сайын сыю қиындай бермей ме мына ортаға? Сосын осы қалыпты тіршіліктің сыртына шығып аласың да, Джоконданың көзімен қарайсың да отырасың:

«Таң атады. Түс. Ымырт. Түн кіреді, Естіледі Музаның мұңды лебі. Эрмитажда күліп тұр Джоконда, Жылап тұрған шығар ол? Кім біледі...»

Өз обалын өзіңе, бірақ. Өмірдің тепеңдеген мәстегіне айналып күн көрем десен, кім қой депті? Қолыңнан тартқан адам жоқ. Ең дұрысы, Эрмитажда тұрған Джоконда туралы ойламаған...

Жәнібек ӘЛИМАН,  
ақын

# Білімнің бәсі бәрінен биік

(Соңы. Басы 1-бетте)

Биыл мектепке дейінгі білім беру жүйесінде бірқатар жаңашылдықтар жүзеге асқанға айта кеткен жөн. Балаларды есепке алу, олардың басымдығы және мектепке дейінгі ұйымдарға жолдама беру Бірыңғай республикалық деректер базасына көшірілді. Бұл деректерден кезекте тұрған жолдамалар ата-аналардың қатысуынсыз министрлік арқылы автоматты түрде беріледі.

– Кезек әр балабақша үшін жеке қалыптасады. Ата-аналар төрт балабақшаны таңдай алады. Өткен жылы республикада алғаш рет бұл жоба Шахтинск қаласында сәтті сыналды, – деді білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

## Президенттің мегажобасы

Бүгінде облыста мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер саны – 402. Оның ішінде, 231-і – ауылдық жерде орналасқан. Ал, жалпы оқушылар саны – 172 425 құрайды. Оның 40 753-і ауылдық мектептерде білім алуға. Ауылдық мектептердің 160-ы шағын жинақталған мектептер қатарында. Осы орайда өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу және дамыту үшін қолайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау – маңызды. Оқушы орындарының тапшылығы, апатты және үш орындық мектептердің проблемасын шешу – күн тәртібінде. Осы орайда Қарағанды қаласында, Бұқар жырау және Шет аудандарында 8 600 оқу орнына арналған 9 мектеп ашылды.

Новостройка ауылында 150 орындық жаңа мектеп апаттық ғимараттың орнына салынған. Балаларға заманауи және кең сыныптарда оқуға мүмкіндік беріліп, мектептерді материалдық-техникалық жарақтандыру да жаңартылған.

Жалпы, Қарағанды облысындағы «Жайлы мектептер» ұлттық жобасы бойынша 2025 жылға дейін 12 500 орындық 18 заманауи мектептің құрылысы жоспарланған. Оның ішінде биыл 10-ы Қарағанды, Балқаш, Бұқар жырау және Шет аудандарында тапсырылуы тиіс. Қыркүйек айында Бұқар жырау ауданының Новостройка ауылында апатты жағдайдың орнына салынып жатқан 150 орындық мектеп пайдалануға

беріледі.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда мектептер базасы жаңғыртылуда. Биыл 15 ғимаратты күрделі жөндеу жоспарлануда. Оқу жабдықтары да жаңартылған. Өткен жылы физика, химия, биология, STEM пәндерін оқытуға арналған 72 заманауи кабинет сатып алынды. Биыл тағы 65 жоспарланған.

– «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы бойынша «Қазақстан халқына» қоры 8 мектепті жаңғыртқан. Биылғы жылы тағы үш жоспар бар. Қала мен ауыл арасындағы алшақтықты азайту үшін «Репетитор», «Цифрлық мұғалім», «Табыс формуласы», «Мың мектеп» жобалары іске асырылуда. Мектептерде барлық бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақ алады. Бұл – 75 мыңнан астам бала. Сондай-ақ, жалпыға бірдей білім беру қорының есебінен әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 6 мыңға жуық бала тегін түскі ас ішеді. Өткен жылы облыста 27 жаңа мектеп автобусы сатып алынды. Биыл жаңарту жалғасады, – деп атап өтті Гүлбақыт Жүнісова.

Жалпы, жайлы мектептердің жабдықтары мен құрылыс материалдары жоғары талаптарға сәйкес таңдалып алынған. Президенттің мега жобасын сапалы іске асыруда спортзалдардың саны басқа мектептерден әлдеқайда артық. Мектептердің дизайны да ерекше, тіпті, бастауыш пен ересек сыныптардың бөлек блоктарда оқуға секілді мәселелер де жіті қарастырылған. Шаңғайдағы ауылдардың өзінде жайлы мектептердің бой көтеретіні балалар үшін үлкен олжа болғалы тұр. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын орындау Ұлттық қор қаражаты есебінен жүзеге асырылып жатқандықтан, бұл жоба үш ауысымдық және апаттық мектептерді жоюға толығымен мүмкіндік береді.

Қарағанды облысы бойынша «Жайлы мектептің» ұлттық жобасы аясында 2026 жылға дейін 12 500 оқушыға 18 мектеп салып, пайдалануға беру жоспарланған. Қаржыландырудың жалпы көлемі 87,4 млрд теңгені құрайды.

## Қосымша білімдегі қыруар жұмыс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Нақты



ғылымдар мен инженерия саласы бойынша қосымша білім беруге айрықша назар аудару керек. Балаларды дене шынықтыру және академиялық тұрғыдан бірдей дамыту қажет. Ауылдық жерде тұратын балаларға баса мән берген жөн. Барлық аймақтағы балалардың қосымша білім алуына мүмкіндігі болуға тиіс, – деген болатын.

Аймақта соңғы жылдары балаларды қосымша біліммен қамтып, оның қолжетімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Атап айтсақ, соңғы жылдары Ақтоғай, Жаңаарқа, Қарқаралы, Шет аудандарында қосымша білім беру орталығын, Қарағанды қаласындағы №2 Оқушылар сарайын, Пришахтинсктегі «Кәусар» сарайын және Осакаров ауданындағы «Шабьт» Оқушылар сарайын ашу есебінен қосымша білім беру ұйымдарының желісі соңғы 6 жылда 7 бірлікке ұлғайды. Жаңа нысандарды іске қосу аталған өңірлердегі қажеттілікті төмендетуге және білім алушыларды қосымша біліммен қамтуды ұлғайтуға мүмкіндік берді. Қосымша білімдегі қыруар жұмыстың нәтижесі бүгінгі күні 88%-ды құрайды.

Мәселен, облыстағы қосымша білім беру орталықтарының бірі Осакаров ауданының Молодежный кентінде ашылды. 250 орындық «Шабьт» Оқушылар сарайын аудан тұрғындары мен өнер мектебінің ардагерлері ерекше бағалады. «Шабьт» қазіргі таңда үш негізгі бағыт бойынша жұмыс істейді. Оның ішінде көркемдік-

эстетикалық, музыкалық және техникалық бағыттар бар.

– Бұрын ауылда тек 107 оқушыға арналған Балалар өнер мектебі жұмыс істеген. Жаңа Оқушылар сарайы тағы 160 баланы қабылдады, бұл жалпы 267 оқушыны сабақтармен қамтуға мүмкіндік береді. Оқушылар сарайы талантты жастарды тәрбиелеуге баға жетпес үлес қосуда, – деп атап өтті жергілікті тұрғын Марат Өтешұлы.

Қарағанды қаласының Пришахтинск бөлігінде бой көтерген «Кәусар» сарайында аймақтың жас тұрғындары үшін робототехника, VR сәулет өнері секілді үйірмелердің түр-түрі бар. «Кәусар» бала дарынын дамытып, шығармашылық бағытта шыңдауда.

Оқушылар сарайының жалпы ауданы 3 мың шаршы метр. Кең әрі әдемі ғимаратта өзіне ұнайтын үйірмені таңдауға мүмкіндік мол. Мүмкіндігі шектеулі балалардың да жағдайы жіті қарастырылған. Сенсорика және моториканы дамытуға арналған көптеген құрылғылар бар. Мысалы, ауа көпіршікті қолба – көру мен естуді, тактильді сезімдерді жетілдіреді. Құрғақ душ баланың еркіндігін дамытуға, босануға арналған. Оның көмегімен бала жаңа түстерді қызықты түрде есте сақтай алады. Инклюзивті білім беру үшін барлық жағдай жасалған, – деп атап өтті «Кәусар» сарайының директоры Әйгерім Исбекова.

Жалпы, аудандардағы Оқушы-

лар сарайының айналасы абаттандырылғандықтан футбол алаңында алаңсыз доп теуіп, саламатты өмір салтымен айналысуға болады.

## Психологиялық қолдау орталықтары

Қарағанды облысында сондай-ақ, «Психологиялық қолдау орталықтарының» ашылуы жалғасуда. Орталықтардың ашылуы психологиялық қызметтің бірыңғай жүйесін құруға, педагогтарды әдістемелік қолдау мен оқытуға, ата-аналарға кеңес беруге және кәметелетке толмағандарға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге ықпал етті. Осы орайда орталық мамандары 184 (диалог алаңдары – 11, білім беру ұйымдарына шығу – 38, конференциялар мен форумдар – 17, семинарлар – 85) шара өткізіп, олардан 446 адам консультациялық көмек алды.

Қазіргі таңда Қарағанды облысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар 15 мыңға жуық бала үшін 17 арнайы ұйым жұмыс істейтінін айта кеткен жөн.

Облыста 9 арнайы білім беру ұйымының ашылуы – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтып, жұмыс орындарын құруға мүмкіндік берді.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## ЖАСТАР САЯСАТЫ

### Жұмысшы мамандардың жаңа дәуірі

Балқашта «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында колледж түлектерін жұмыспен қамту мақсатында қаланың ірі кәсіпорындағы ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылды. Сонымен қатар, жастарды жұмысқа орналастыру, кәсіпке баулу бойынша жасалып жатқан жұмыстар баяндалды.

– Бүгінде қала бойынша жұмыссыз жастардың көрсеткіші 1,7%-ды құрайды. Өткен жылы 1021 адам қамтылған. Соның ішінде 767 адам тұрақты жұмысқа орналасса, 141 адам қоғамдық жұмыстарға тартылған, – деді қалалық халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Жанат Томпиева.

Келесі кезекте қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығын дамыту бөлімінің басшысы Жанмира Рахпапова сөз алып, қаладағы шағын кәсіпкерлікті дамыту бойынша баяндама жасады. Қазіргі кезде қала бойынша 5991 шағын және орта бизнес нысандары жұмыс істейді екен. Бұл салада 11163 адам жұмыспен қамтылған. Биылғы 2025 жылы жалпы саны 14 жаңа жоба қолға алынбақ. Осының негізінде 85 жұмыс орны ашылып, оның 13-і жұмысшы мамандықтарға берілімек.

Қала әкімі Сапар Сатаев колледж түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша қаланың ірі кәсіпорындары «Қазакмыс Корпорациясы» ЖШС-нің «Балқаштүстімет» ЖШС, «Kazakhstan Energy» ЖШС, «Tranco Balkhash» ЖШС, «Тас-темір» жол-құрылыс кәсіпорны» ЖШС, «Недра-Балқаш» ЖШС-мен ынтымақтастық Меморандумына қол қойды.

2024 жылғы қалалық «Еңбек жолы» байқауының қорытындысы бойынша, Түйемешинтер әулеті «Үздік еңбек әулеті» деп танылды.

Өз тілшімізден

БАЛҚАШ

## АЛТЫН БЕСІК

# Берекелі ауыл бар бұл өңірде

Тарихи деректермен аз да болса, жұмыс істеу дағдысы бар жандар бір жайтқа ден қойылғаны ұнатады. Ол – белгілі бір оқиға, құбылысты санадағы уақыт аясында қарастыру. Бұл ойымызға быыл құрылғанына 60 жыл толатын Кеншоқы ауылының тарихы да дәлел бола алады. Алпыс жылда бұл ауыл тарихы қалайша дамып еді? Бұл жерде недей жайттар орын алып еді? Міне, осы төңірегінде ойларымызды ортаға салмақшымыз.

Бірден айтайық, біз тарихшы емеспіз, филология маманымыз, сондықтан, жекелеген кемістіктер болса, ол дәйектеліп жатса, қуана қабылдаймыз. Келесі бір мәселе мынада: адам баласының өмір деп аталатын мына ұлы көшкерлерінде із-түссіз жоғалар жайттар өте сирек. Сондықтан, дәстүр жалғастығы мен сабақтастығын сақтай отырып, көне дәуірден бүгінге дейінгі өз ауылымыздың тарихын жазуға бастама көтеріп жүрміз. Ғұмыр болса (қазір бір үлкен жоба және мемуарлық дүние жазудамыз), тиісті қолдау болса, сол тарихты, ата-бабаларымыз, күні кешегі абзал жандар туралы жазу ойда бар..

Бұл ауылда «Кеншоқы» деп аталатын совхоз 1965 жылы ашылды. Содан бері өткен 60 жыл тарих үшін үлкен мерзім емес.

1965 жылы ашылған совхоз неге Кеншоқы аталды? Ауыл маңында, бейнелен айтсақ, жергілікті тұрғындар үшін белгілі бір дәрежеде киелі, қасиетті боп табылатын Түйетас, Қызылшоқы, Алмалы, Бесшоқы деген аласалау таулар және Нұра өзені бар. Солардың бірде-біреуінің атын алмай, неге Кеншоқы аталғанына қатысты аз болжамымызды айтайық. Қаныш Сәтбаев жазбаларында түсті металдар ерте дәуірде Қазақстанның орталық

өңірінде болған және өндірілген деген дерек бар. Көптеген авторлардың кен орындары туралы жазбаларын қарадық. Бір ғана Шет ауданына қарасты Қайрақты, Ақшатау, Ақжал, Байназар, Батыстау, Кеншоқы деген жерлерде бірінде аз, бірінде мол кен табылды, олардың кейбіреуінде геологиялық барлау жұмыс істеді. Осындай жұмыс нәтижесінде Кеншоқыда (қазіргі Кеншоқы ауылынан 12 км, батысқа қарай орналасқан) кеніш ашу туралы жоғарғы жақтың шешімі шыққан. Кеніш 1950 жылдардан 1959 жылға дейін жұмыс істеді. Мырыш, мыс, қорғасын өндірілді, алайда, кен қоры бәлдендей мол болмаған сияқты әрі шахта (кәріс) жұмысына жер асты суы көтеріліп, үлкен кедергі келтіргендіктен жабылған. Әжептеуір кентті, халқын не істеген жөн?

Міне, сол тұста онда кәсіптік-техникалық училищені ашылды. 1970 жылы әскери борышымызды өтеп, сол жердегі сегізжылдық мектепке мұғалім боп бір жыл істедік. Сол тұста Шет апараткомының бірінші хатшысы Камали Дүйсебеков кеп, тұрғындармен кездесті. «Кеніш жабылған соң училищені ашылды, халыққа жағдай жасау үшін бар мүмкіндікті пайдалана береміз, аудан орталығында училищенің



Сурет ашық дереккөзінен

ғимараты салынбақ, соған көше-сіндер» дегенді айтты. Бір кісінің «Бізге совхоз ашпашы едіңіздер, анау Нұра бөлімшесін совхоз не басшы: «Совхоз ашу жоспарда болған, алайда, 1965 жылы №2 Нұра бөлімшесінен аштық, себебі, ол Қарағанды-Ақтоғай тасжолының бойында жатыр. Сіздерде жол байланысы өте ауыр, өздеріңіз де білесіздер» дегенді айтты. Міне, біздің ойымызша, осы жайтқа мән берген жөн..

Кеншоқы совхозына үш бөлімше: Нұра, Батыстау, Байназар қарады. Негізінен, жері үлкен, әрқайсында жеткілікті қыстаулары, жазғы жайылымдары мол болды. Қой шаруашылығымен айналысты. Ішінара сиыр малын өсіру әу басында болды, ал, жылқы фермасы жетпісінші жыл-

дары ғана қолға алынды. 1961 жылы Орджоникидзе атындағы совхоз құрылып, оған Ақсу, Нұра, Еңбекшіл, Қайрақты, Ақтөбе, Кежек бөлімшелері қарады. 1965 жылы Нұра бөлімшесі совхозға айналып, «Кеншоқы» аталса, бұрынғы Кежек (Ақшоқы совхозына да қараған) 1975 жылы аудандық ауыл шаруашылығы бірлестігіне айналып, «Ақши» атанды. Биыл оның ашылғанына елу жыл толмақ.

Енді аздаған тарихқа көшейік. Тарихтағы тас дәуірі ескерткіштері, ғалымдардың айтуынша, бұл өңірде де жеткілікті. Сақ қорғандарының белгілері, иссадондар кезіндегі жағдай, өңірдегі ру-тайпалардың оңтүстікпен байланысты олардың ғұндар этногенетикасымен ұқсастығын байқауы, орталық өңірдің Батыс Түрік қағанатына қарағаны, Оғыз хан

Орталық Қазақстанда мекендеген деректер бар. Сәл бертіндегі Есім-Тұрсын соғысындағы соңғысының қыздарынан қаракесектің тарауы, Абылай заманы, Бөкей хан (Әлиханнның төртінші атасы) тұсындағы жағдай, Жақсы Жанқұтты сияқты көшбасшылар және Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалысы, бәрі-бәрі Кеншоқы өңірінің тарихын жазудың қажеттілігін көрсетсе керек.

1928 жылы Шет ауданы құрылды. Аудан бойынша 1930 жылдары бірі ерте, бірі сәл кешіртеу колхоздар құрыла бастады.

Осыдан бір-екі жыл бұрынғы Орджоникидзе атындағы совхоздың 60 жылдығы, ал, сол аттас колхоздың 90 жылдығы аталып арнайы кітап та шықты. Яғни, Орджоникидзе колхозы 1931 жылы құрылды. Өңір халқы ауылдық кеңестерге біріге бастады. 1934 жылы. 7-нші ауылдық кеңес ашылып, оған ұсақ Қарғалы, Еңбекшіл, Сталин атындағы колхоздар қарады. Техника жоқтың қасы, бүкіл шаруа қолмен атқарылды, қысқасы, бұлар стихиялы түрде құрылған еді. Олардың өте ұсақ шаруашылықтар болып, дүниеге келуі сәл бұрынырақ басталған. Ал, өнімді мол өндіру, ауыл шаруашылығының жалпы экономикада алатын орнын нығайту мақсатында болған еді бұндай біріктірулер 1950 жылдардың басында барлық өңірде колхоздарды ірілендіру одан әрмен жүргізілді. Іріленген колхоздың орталығы Сталин атындағы колхоз деп танылды. Ол 1961 жылы таратылды, бұрынғы колхоз жаңадан ашылған Орджоникидзе

атындағы совхоздың бір бөлімшесіне айналды, ал, 1965 жылы өз алдына Кеншоқы совхозы боп құрылды. Сталин атындағы колхоз құрамында мал өнімдерін өндіретін бірнеше фермалар болғанын айтқан жөн.

Сондай-ақ, Кеншоқы ауылдық кеңесі 1967 жылы ашылды, оған бұрынғы Кеншоқы кеніші (сол кезде училищені еді), Нұра, Мыңқауға, Батыстау, Байназар сияқты ауылдар енді. Облыс және өзі қараған Шет ауданы сияқты Кеншоқы ауылы да бірталай территориялық өзгерістерді басынан өткізді. Бұл ойымызға 1932 жылдары Алматы, одан кейінгі жылдардан бастап Қарағанды облысы, Қарқаралы (кеңес дәуірінде онда округ болып, кейін таратылды) округына қарауы, совхоз болған соң Шет, 1973 жылы Ақадыр, 1979 жылы Ақтоғай ауданының құрамына кіріп, сәл кейінірек қайтадан Шет ауданына берілуі дәлел. Совхоздар тарайды, нарықтық экономика дүниеге келді..

Әрине, шағын жазбада ауыл тарихын, онда ғұмыр кешкен адамдар тағдырын, қой бабамыздың ұрпақтары дәл сол өңірде көп уақыт мекендегенін, т.б. туралы толық қамтып жазып шығу мүмкін емес. Ол жайттар туралы жазу алдағы уақыттар еншісінде болса керек. Біз тек маңызды деген кейбір мәселелерге ғана тоқталдық.

Мәуен ХАМЗИН,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

• ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІНЕ – 30 ЖЫЛ

## Қаржылық қызмет шебінде

Осыдан 30 жыл бұрын 1995 жылдың 25 сәуірінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас қазынашылық басқармасының Қарағанды облыстық қазынашылық басқармасы құрылды. Өңір қазынашылығының құрылу тарихы еліміздің егемендік алуы, жаңа экономикалық саясат, өз валютамызды шығару секілді үлкен құбылыстармен етене байланысты. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін нарықтық экономикаға бет бұрды. Кеңестік салааралық байланыстар, қарқынды инфляция мен жұмыссыздық жас мемлекет үшін үлкен сынақ болды.



Сурет автордан

Экономикалық дағдарысты енсеру үшін елдің ақша қаражатын қатаң есепке және бақылауға алу қажеттілігі туындады. Осы жағдайда экономикалық құрылымдарды, ең алдымен қаржыны мемлекеттік басқару жүйесін қайта құру қажет болды.

Осы мәселелерді шешу үшін және республикалық бюджетті атқару процесінде табыстар мен шығыстарды тиімді басқару, мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруды жеделдету, мемлекет қаражатын мақсатты және үнемді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың 1994 жылғы 27 қаңтардағы Жарлығымен Бас қазынашылық басқармасы құрылды. Бюджетті атқару бойынша бірыңғай орган ретінде құрылған ведомство бухгалтерлік есеп бойынша бюджеттік басқару, сондай-ақ бюджеттік ұйымдар мен қаржы жүйесінде бухгалтерлік есеп жүргізудің әдістемесін жасау функциялары тапсырылды.

1995 жылдың наурыз айынан бастап өңірлік қазынашылық органдары ашыла бастады. Алғашқылардың бірі болған Қарағанды облыстық қазынашылық басқармасы бастапқыда 10 адамдық штатпен ашылды. Жаңадан құрылған мекеме облыс орталығындағы Жамбыл көшесі 2 үйде орналасқан ғимараттан орын теуіп, 2000 жылға дейін бірнеше мекенжай ауыстырды. Осы жылдарда өтпелі кезеңге уақытша құрылған Бюджеттік банк таратылып, қазынашылықтың құрамына қосылды. 1997 жылы Жезқазған облысы таратылып, Қарағанды облысының құрамына енді. Атқаратын жұмыс көлемі мен штаты ұлғайған басқарма 2000 жылы сол кездегі Ленин, кейін халқымыздың ұлы перзенті Абай атымен аталған көшесідегі жалпақ жұртқа «Қаржы үйі» атауымен әйгілі әсем ғимаратқа қоныс аударып, бүгінгі күнге дейін сонда.

Департаменттің табысты қызметінің факторы – қызметкерлер, жоғары білікті мамандар. 30 жылда олардың

басым бөлігі өңір қазынашылығының дамуына елеулі үлес қосты. Құрылған күнінен бастап, білікті қаржыгер, мықты басшы Вера Петровна Кротова басқарды. Әуелде облыстық басқарма, 2005 жылы департамент болған мекемеге 13 жыл басшылық еткен аяулы жан бүгін арамызда жоқ. Вера Петровнаң сабырлы мінезі, көреген даналығының арқасында облыс қазынашылығы республика деңгейінде қашанда көш бастап, жаңа жобалардың пилоттық алаңына айналды және бұл сындардан әркез абыроймен өтіп келеді. Ардагерлер К.Акишев, Г.Пақ, Л.Хальфина, З.Хрусталева, А.Газалиева, Т.Панкратова, Г.Бисенова, Н.Иванова, Р.Абдина, Л.Кван, М.Белякова, Д.Мұхаметқаримов, С.Есимов, К.Жұмабекова, В.Крюкова, Б.Кашкынова есімдерін департамент тарихына алтын әріптермен жазып кетті.

Бүгінде Б.Ахметжанова, Н.Қайшенова, И.Трынова, Р.Касенова, Т.Руденко, М.Н.Булычева, М.Тойынбеков, С.Тәуекелов, Г.Төлеубаева, Л.Бажикова сынды қызметкерлер қазынашылықпен біте қайнасып осы күнге дейін абыройлы еңбек етуде. Бұл мекемедегі кадр тұрақтылығын да айғақтайтын жайт.

Уақытпен бірге қазынашылық жүйесі де жетіліп, қаржылық операциялардың жеделдігін және ашықтығын қамтамасыз ететін заманауи жұмыс әдістері енгізілді. Алғашқы ақпараттық жүйе болған БАСК-М бағдарламасының орнын 2003 жылы Oracle платформасында құрылған Қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесі алмастырды. Бұл жүйе бірегей болып табылады және әлемдік қазынашылық қауымдастықтың жоғары бағалауына ие болып, ең тиімді және киберқорғалған жүйе ретінде танылды.

Елімізді цифрландыру жолындағы тиімділігі толық дәлелденген елеулі қамтамасыз бірі – «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесін қолданысқа енгізу. Қаржылық құжаттарды сапалы, транспарентті және оперативті түрде орындауға мүмкіндік бе-

ретін электрондық құжат айналымы жүйесі сонымен қатар, адами факторларды барынша азайтуға бағытталған. Қазынашылық органдары арқылы өтетін қаржылық құжаттарды өңдеу процесінің ашықтығы осы саланың «қызмет ету тазалығының» кепілі болып табылады. Мемлекеттік мекемелер мен өзге де клиенттер, яғни квазимемлекеттік сектор субъектілері, қазынашылық сүйемелдеу субъектілері, қаржылық және қаржылық емес қолдау операторлары өздеріне бөлінген қаражатты игеру бойынша операцияларды онлайн режимінде қашықтықтан жүзеге асырып, қаржылық есептерді қалыптастырады. «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесінің көмегімен төлем құжаттарын толтыру, ұсыну және бақылау мемлекеттік органдар мен қазынашылық органдар қызметкерлерінің тікелей контактысыз іске асуда. «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесінің арқасында мемлекеттік мекемелердің бюджеттік тәуелсіздігі мен жауапкершілігі артты.

Бюджет процесінің жалпы ашықтығы жолында қазынашылықтың қолға алған қадамдарының тағы бірі – «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесін басқа ақпараттық жүйелермен, мәселен, «Электрондық мемлекеттік сатып алулар» және «Электрондық шот-фактура» жүйелерімен интеграциялау. Бұл қадам құжат айналымын, мемлекеттік мекемелердің жасасқан шарттарын тіркеудің уақытын және процедураларын, адами факторларды азайту, бюджет қаражатын үнемдеу секілді игіліктерге қол жеткізді.

Жоғарыда аталған ақпараттық жүйелерді интеграциялау, яғни біріктірудің арқасында бүгінгі күні құжаттар бір жүйеден екіншісіне оңай көшірілуде, ал бұрын қазынашы мәліметтерді жүйеге клиент әкелген қағаз құжаттарға қарап қолмен енгізетін.

Сондай-ақ қазынашылық органдарында табысты іске асқан жобалардың бірі – құрылыс саласындағы мемлекеттік сатып алуларды қазынашылық қолдау. Бұл жобаны

енгізудегі басты мақсат – бюджет қаражатының мақсатты жұмсалыуына және құрылыс саласы субъектілерінің арасындағы төлемдердің ашықтығына бақылау жасау. Қазынашылық қолдауға сметалық құны бір миллиард теңгеден асатын барлық жобалар жатады. Қазіргі таңда облыс бойынша қазынашылық қолдау шеңберінде 18 нысан бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қазынашылықтың аумақтық органдары өз ережесіне және қолданыстағы заңнамаға сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қазынашылық қызмет көрсетумен айналысады. Департамент құрылған күнінен бастап өңірдің ақша қаражаттарының мақсатты жұмсалыуы бойынша маңызды функцияларды атқарып келеді. Қазіргі таңда Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаменті мен оның аудандық және қалалық басқармаларында 980 клиентке қызмет көрсетіледі. Оның ішінде, 98 республикалық бюджеттен, 378 облыстық бюджеттен, 217 аудандық (облыстық маңыздағы қала) бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер, 164 жергілікті өзін-өзі басқару органдары, 18 квазимемлекеттік сектор субъектісі, 95 қазынашылық қолдау шеңберіндегі бас және қосалқы мердігерлер, 10 қаржылық және қаржылық емес қолдау операторлары.

Департамент осы үш онжылдықта отандық қазынашылық жүйесімен бірге дамуын ұзақ және күрделі жолынан өтіп, қазіргі таңда өңіріміздегі іргелі мекемелердің бірі де бірегейіне айналды және Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрғысында үлкен рөл атқарып отыр.

Бюджеттің атқарылу үдерісін тоқыратпай қамтамасыз етіп отырған барша әріптестерімізді және ардагер қазынашыларды мерейтоймен құттықтап еңбекте табыс, дендеріне саулық, отбасының бақыты мен берекесін тілейміз.

**З.АБСАДИРОВА,**  
Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаменті басшысының орынбасары

## Құттықтау

**Бикен Әбдуқызы**  
**АЛПЫСКЕЛІНШЕ**

Сізді торқалы 90 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздің өмір жолыңыз, тынымсыз еңбегіңіз бен өмір жолыңыз – бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие.



Құтты болсын торқалы 90 жасыңыз, Қуанып тойға келді туыстар, бауырларыңыз. Әлі де жасай берші, Алла қолдап Шуақ шашып ортамызда отырыңыз.

Ата-ананың ырым кылып Сіз туғанда, Нәрестелері шетінеп тұрмағанда. Сыйынып күдіретті бір Аллаға, Кіндігіңізді кестіріпті Мұхтақи атамызға.

Қабыл болып арманы ата-ананың, Соңынан бес бауырды ерте келдің. Тетелерін олардың ерте жүріп, Кенжелерін бесікте тербетіпсің.

Жар болып Ұлы Қазыбек би ұрпағына, Қуанып отырушы еді Алпыс Ата. Ақбосаға атаған келініммен, Қоса оралды берекем шаңыраққа.

Оқыттың бауырларды өз қолыңнан, Ұзатып, үйлендіріп отау қылдың. Балалық балдауренде думандатып, Өтуіміз бір Алламен сенің арқан.

Сондықтан өзін бірге ардақтысын, Ақкөңіл, мейірімді, кереметсің. Аналық сезіммен баурап алдың, Баласы емес бауырлардың немересін.

Тілек білдіруші: **Бегінбай-Тамара, Бихан, Биғайын.**

№150

## Құттықтау



Қарқаралы қаласының тұрғыны, ардақты әкеміз **Саулехан НУРМАҒАНБЕТОВ** 1 сәуір күні 75 жасқа келіп отыр. Асқар тау әкемізді осы мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңіз сау болып, жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда күліп-ойнап, бақытқа бөленіп ұзақ жасай беріңіз.

Өткен күннің артта қалып елесі, Тіршіліктің жылы берер кемесі. Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған, 75 жастың құтты болсын белесі.

Балаларың басындағы бағыңыз, Жүзге дейін нұрлы шырақ жағыңыз. Өзіңізді мәпелеген, баптаған, Аман болсын анамыздай жарыңыз.

Тарылмасын, жан әке, тынысыңыз, Таси берсін әманда ырысыңыз. Немеренің келіні сәлем етіп, Шөберенің қолынан су ішіңіз!

Тілек білдіруші: **жары – Құлжан, балалары, немерелері.**

№114

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

Д



**43-21-55**

**Жарнама бөлімінің байланыс телефоны**

1. «ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 8-(7212)-41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді.

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

– Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44;  
– Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84;  
– Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)-98-10-18;  
– Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72146)-3-17-38;  
– Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87;

– Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88;  
– Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)-4-18-90;  
– Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37;  
– Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11;  
– Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49;  
– Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45;  
– Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06.

2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [terkom\\_kar@minfin.gov.kz](mailto:terkom_kar@minfin.gov.kz).

Д

## ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

## Қарашаңырақтағы қос қуаныш

С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры «Халықаралық театр күні» атап өтті. Іс-шараға өңірдегі барлық театр өкілдері қатысты. Сонымен қатар, салтанатты шара барысында Қазақстанның Құрметті журналисі Сағат Батырханованың мемлекеттік тапсырыспен шыққан «Арқаның абыз театры» атты авторлық кітабының тұсауы кесілді. Сонымен қатар, облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей қарашаңыраққа арнайы ат басын тіреп, атқарылып жатқан жұмыстармен танысып қайтты. Ал, облыстық мәдениет архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов салтанатты жиынға арнайы қатысып, сала мамандарын құттықтады.



Театр күні – жаңа бастамалар мен шығармашылық ізденістерге жол ашатын орны бөлек мереке. Мерекеге орай Әлібек Үсеулі театр ұжымымен кездесіп, пікір алмасты. Әрі өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың бастамасымен биыл мәдениет және өнер саласы қызметкерлері үшін сыйақы көлемі екі есе артатынын баса айтты. Ал, Еркебұлан Қайроллаұлы өз сөзінде өңірдегі театрлардың аяқ алысына тоқталып, сала мамандарының еңбегін атап өтті.

– Өңірімізде көп жылдардан бері төрт театр қалың көрерменге қалтқысыз қызмет істеп келеді. Әрқайсысының репертуарлары да сан қырлы. Атап айтсақ, Сәкен театры мен К.Станиславский атындағы орыс драма театрының тарихы тым тереңде. Ал, республика бойынша комедия жанрында жұмыс істеп келе жатқан өңірдегі академиялық-музыкалық комедия театры да ерекше өнер ұжымы. Олардың да жарты ғасырлық тарихы бар. Теміртаудағы балалар мен жасөспірімдер театрының да еңбегі орасан зор. Себебі, балалар үшін жасап жатқан еңбегі бір төбе. Жас көрермендерімізді сахна арқылы тәрбиелеуде. Киелі сахна арқылы халықтың жан дүниесін газартып, рух беретін, көңіл-көңжиген кеңейтетін біздің театр қайраткерлеріміздің еңбегін де атап өтпекке болмас. Сіздердің көркем өнерлеріңіз бен ойлы да өрелі қойылымдарыңызды халық асыға күтеді, – деді ол.

Сонымен, өнер мерекесімен тұспа-тұс өмірге келген «Арқаның абыз театры» кітабының тұсауын Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов және Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кеңес

өскен баланың болашағы айқын, – деді Құрман Қалымов.

Белгілі журналист әрі кітап авторы Сағат Батырханова аталған кітаптың тұсауы осы бір мереке қарсаңында кесілгені кездейсоқтық еместігін атап өтті.

– Театрдың 90 жылдығында Құрман Өмірбекұлы бізге арнайы тапсырма берген болатын. Сол уақыттан бастап, бір жыл архивтен шықпай жұмыс істедім. Кітапханалардан қажетті деректерді жинадым. Деректерді іздеу барысында облыстық архивтің және Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап кітапханасының ғылыми қызметкерлерінің көмегі көп тиді. Біздің театр 1932 жылы «Жұмысшы жастар үйірмесі» деп ашылған екен. Бұған дейін театр тарихын таспалаған кітап-альбомы жарық көрген болатын. Енді 90 жылдық тарихты қамтыған монографиялық еңбек болып қайта басылды. Ашылған уақыттан бастап, 90 жылды үш кезеңге бөліп қарастырдық. Әсіресе, біздің театр соғыс жылдарында қатысты жұмыс істеген. Ол кезде театрға Сәкеннің аты берілмеген. Сәкеннің есімі 1964 жылы берілді. Алғаш рет театр болып құрылғанда табиғатынан дарынды жандар қызмет істепті. Ешқандай әртістік мектепте немесе жоғары әртістік дипломы жоқ дала дарындары қызмет істепті. Солардың бәрі осы



Жұмабеков кесті. Бұл кітаптың шығуына театр басшысы Құрман Қалымов ұйытқы болыпты. Аталған кітап бытыр қатталып, жыл соңында баспадан шыққан.

– Театр тарихы қалу керек. Әрі тарих келешек ұрпаққа жету қажет. Жалпы, театр 1932 жылы ашылған екен. Нәубет жылдарындағы қазақ басына қиындық туғанда, ешнәрсеге қарамай театрдың жұмыс жасауына себепкер болған ардагерлеріміздің ерен еңбегі кітап бетіне түсу керек. Сондықтан, кітапты шығару туралы ұсынысты өзім айтқан едім. «Неге театр тарихы қайта жарық көрмеске?» деген ой келді. Әрі театр тарихын насихаттау – театр басшыларының міндеті деп білемін. Театрдың жастарға беретін тәрбиесі де ерек. Сондықтан, бытыр облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың нұсқауымен бүлдіршіндерге арнап «Қуыршақ» тобын да аштық. Ертен уақыт өте келе осы бүлдіршіндер үлкен театрдың нақ көрермендері болады. Осы мақсатта аталған топ құрылды. Ал, кішкентайынан театрға қанығып

кітапта қамтылған, – деді кітап авторы.

Сонымен қатар, мерекелік шара барысында театрдың дамуы мен жандану жолында жемісті еңбек етіп жүрген жандарға арнайы жүлде табысталды. Атап айтсақ, Гайни Ислямғалиеваға – «Үздік режиссерлік құрам қызметкері», Бакытжан Ергалиева – «Үздік актер», Мақпал Маусымбекке – «Жас дарын» марапатын табыстады. Беллан Омаровқа «Үздік қуыршақ актері» марапаты ұсынылса, Мөлдір Абдуллаеваны «Үздік қуыршақ актрисасы» деп таныды. Гүлмира Омашева – «Үздік әкімшілік құрамның қызметкері», Ділназ Көшербаева – «Үздік техникалық құрамның қызметкері», Ұлан Жолтай «Үздік шығармашылық құрамның қызметкері» атанды.

Лаура АМАНТАЙ,  
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің  
IV курс студенті  
Суреттер әлеуметтік желіден

## КЕШ

## Сәттібайдың сөнбес шырағы

Аз жазса да, саз жазған сырбаз ақын, сыршыл азамат Сәттібай Жүнісовтің саф өнерін, саңқылдаған дауысын елі сағыныпты. Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде өткен «Өмір деген өлшеулі сапарда бұл...» аталған ақынды еске алу кешінде бұл анық сөзділі. Қаламгердің мәңгілік мұрасындай «Пырақ» атты кітабының тұсауы кесіліп, оқуларманға жол тартты. Жазған-сызғаны, жан дүниесі осылайша кітапқа айналды.

Қасымхан БҰРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кештің тізгінін ұстаған ақын, жырау Тілеген Әділовтің жүрегінен шыққан әр сөздің әсері толқытып отырды. Кешті аталған оқу ордасының «Шабыт» театры мен «Балауса» жастар шығармашылығы орталығының студенттері ақынның өлеңін оқумен бастады.

Бір кездері Сәттібай айтыс аламаньында жарқыраған жас талант еді. Оның 2005 жылы шымықттық ақын Маржан Есжановамен дүбірлі айтысы экран арқылы елге көрсетілді. Сәттібай ақынның туған ауылы «Ескене» өлеңіне Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов ән жазыпты. Жаңа туындыны сахнада дәстүрлі әнші Шығыс Мұқаев орындады. Осылайша әннің де тұсауы кесілді.

Ертеректе ақынның «Қарағанды» атты өлеңіне Солдатхан Ысқақ ән жазған еді. Сол әнді Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің орталық ансамблінің солисті, өнердегі бауыры Нұрлыбек Зақен нақышына келтіріп шырқалды.

Сәттібай ақын сегіз қырлы, бір сырлы еді. Оның жазған беташар жыры елге кең таралды. Той төрінде әлі орындалып жүр. Ақын термелерді бірнеше нұсқада жатқа айтып, жырлай білетін. Сонау бір жылдары «Текті сөздің төресі – терме» атты республикалық жыршы-термешілер байқауына қатысқан да еді. Айтулы өнер додасында «Киелі мекен – Ұлытау» деген өзінің туындысымен үздіктер қатарынан көрінгендігі өнеруәйер қауымның әлі есінде шығар.

Ақынның термесін айтыскер ақын Дидар Қами орындап берді.

«Барлық ақын – баласы бір ананың». Шың талант өмірден өткенде ақындар аза жырын арнаған еді. Ақындардың атынан Серік Сағынтай мен Руслан Нұрбай бауырларын аңсап жазған өлеңдерін оқыды.

Сал Сәттібай өмірінің соңғы сәттерінде өзінің бала кезден көрген-түйген, үлкендерден естігендерін ой-толғап етіп, жинақтап, естияр шағында қатысқан аламан, бәйге туралы кызықтарын «Шабандоздың әңгімелері» циклімен бірнеше шығарма жазыпты.

құдірет» атты ой-толғамын ақын досы Сұлтан Дәулетханұлы оқып берді.

Сұлтан Дәулетханұлының бастамасымен әрі редакторлығымен Сәттібай ақынның соңында қалған жазбалары баспаға әзірленіп, бірнеше жылдар бірге қызмет жасаған жанашыр ағасы Мирас Құттыбай, басқа да достарының қолдауымен «Пырақ» атты кітап жалғанның жарығын көрді. Ақынның соңында қалған мұрасын, қолжазбаларын жинап, аудио-бейне материалдарын компьютерге теріп, кітап бетіне түсірген Сәттібай ақынның жары Айнаштың да еңбегі ерен. Кеште Сәттібай ақынның «Пырағының» тұсауы кесілді.

«Қолжазбаларыңды жинасаңшы, бір кітап шығаратын кезің болған жоқ па?» – дегем. «Мұқағали айтпақшы, мендейлердің мыны кеп, мыны кеткен жоқ па?!» – деп қарап тұр?! Көп оқып, көңіліне көп нәрсені тоқығаны көрініп тұрушы еді. Сондай адам ғана айта алады мұндай сөзді! Сәттібай Абай ұстанымын ұстанған саусақпен сарнарықтай талант еді!» – деді Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы салтанатты рәсім кезінде.

Белгілі ғалым Қойлыбай Асанов та аңқылдаған бауырын сағынып: «Оның жаны таңғы шықтай мөлдір еді... Өз орнын, өз дәрежесін жақсы білетін. «Аға» деген сөзінен аяулы мейірім есіп тұратын. «Сізге еліктеп өстік», – деуші еді. «Аққұйрықтай жүйрік тұлпарымыз болса, сіз құсап аламанда атойлап айтысқа түсек деп армандаушы едік», – дейтін Сәттібай бауырым. Сәттібай ол арманына жетті. Адамгершілік, ізгілік, қарапайымдылық сияқты қасиеттері Сәттібайды ойлаған арманынан да асқақ биіктерге шығарды», – деді.

Дәстүрлі әннің дүлдүлдері Ержан Барзбек пен Сырым Хордин ән шырқалды. Мирас Құттыбай ақынның өкесі Темірғалидың иығына шапан жауып, ұлы Сәкен Жүнісовке мәшһүр суретші Кәріпбек Күйіковтің «Пырақ» өлеңіне салған картинасын сыйлады.

Кеш соңында көпшіліктің көзіне жас іркілді. Сәттібайдың гитарамен ән салған бейнетаспасы қосылды. Сол әнін ұлы Сәкен жалғастырып, шырқалды. Әкесінің үзіл-



Ақын бұл жазған шығармаларын жары Айнашқа қана оқып үлгерген екен. Еш жерде жарияланбапты. Сол құнды дүниелері «Пырақ» кітабына енді. «Құрыштан құйған

ген әнін, өшпес өнерін жалғайтын мұрагеріне тік тұрып қошемет, ал, ақынның рухына тағзым қылды халқы.

Суретті түсірген Гүлнәр МАХАН

## БАЙҚАУ

## Әжелер шықты сайысқа

Қарағандыда облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Наурыз мерекесі және Желінің 80 жылдығына орай «Алтын қазық – әжетай» облыстық байқауы өтті. Оған әр өңірден 14 жеке қатысып, өнерлерін ортаға салды.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл байқауды өткізуге түрткі болған облыстық кеңес жанынан құрылған әжелер алқасы екен. Мақсаты – ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрді сақтау әрі насихаттау. Байқауға қатысушылар «Жан серігім – ән», «Мақал – сөздің мәйегі», «Салт-дәстүр сөйлесін», «Ақылгөйім – ақ әжем», «Білімпаз әже», «Қолөнер – зор

өнер» аталымы бойынша бақ сынады.

– Аналарымыз отбасының тірегі болып, ұрпақ жалғастырып, тәрбиелеп келсе, әжелеріміз шаңырақтың тірегі, немерелері мен шөберелерінің ақылшысы, тәрбиешісі, қамқоршысы екендігі мәлім. Байқауды әжелер алқасы мен облыстық кеңес аппараты ұйымдастырды. Сонымен қатар, әжелер алқасының төрағасы, ұстаз Жұмабике Аламова, ардагер журналист, алқа мүшелері Гүлнар Бұхарбаева мен Назипа Асқар өлшеусіз үлес қосты. Ардагерлер ұйымдарын халық «тек зейнеткерлерге әлеуметтік көмек көрсететін мекеме» деп есептейді. Әлеуметтік көмек мемлекет тарапынан жасалып жатыр, – деді Ардагерлер кеңесінің төрағасы Фабит Тұяқов.

Әжелердің ұрпақ тәрбиелеудегі ролін ескере отырып, кейбір сайыс түріне немере-



лерін де сахнаға алып шығуға рұқсат етілді. Әр аталым бойынша дайындаған нөмірін, бейнероликтерін көрермен назарына ұсынды. Ән де шырап, көрініс те қойды. Шет ауданынан келген қатысушының бірі – Гүлшара Ахметова. Диплом алысымен аудандық мәдениет үйінде еңбек жолын бастаған. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған үлкен әулет. Әрі отбасымен өнерлі. Ән де шырқайды, би де билейді. Осы байқауда қазылар алқасының сынынан мүдірмей өтіп бас жүлдені еншіледі. Ал, II орынды теміртаулық Зәуреш Бейсембаева мен Нұра ауданынан келген Нұрыш Накупова тең бөлісті. Ақтоғайлық Рысжан Қақтаева мен бұқаржыраулық Баткен Райсова жүлделі III орыннан көрінді. Қарағандылық Бәтима Қажыбаеваға «Көрермен көзайымы» аталымы табысталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ  
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqqa Aqparat» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісовы ӨБІЛДА

Директордың орынбасары  
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары  
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҮСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы  
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
Материалдың жариялану ақысы төленген.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда

№ КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.  
Газет сәйесіміз, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJБKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 719

№33 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Аяулым СОВЕТ